



М.МӘМЕТОВА – 100



МОНШАҚ
ҚЫЗ

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«БҰҒЫНЫҢ
МОЙЫН ЖУАРЫ»

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.10.2022

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

21.10.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №123 (6258) 20 қазан, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ – ҚОНАЕВ

автомагистралінің бойында төрт заманауи аудан салынады



Мемлекет басшысы G4 City жобасымен танысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына жұмыс сапары барысында G4 City жобасымен танысты.

Алматы – Қонаев автомагистралінің бойында орналасатын G4 City жобасы аясында Gate District, Golden District, Growing District және Green District атты төрт заманауи аудан салынады.

2

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА ВЕЛОЖОЛ АШЫЛДЫ



Мегаполистегі Сейфуллин көшесінің бойында жаңа веложол ашылды. Алматы қаласы әкімдігінің мәліметінше, Алматыда Сейфуллин көшесінің бойында, яғни Бөгенбай батыр көшесі мен Абай даңғылы аралығында батыс бағыттағы жолдарды орташа жөндеу аясында веложол салынған.

«Жалпы, қалада 79,2 шақырым велоинфрақұрылым салынды. Жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында веложолдарды автокөліктердің жүріс бөлігінен бөлу үшін 2 мыңнан астам жол блокаторы орнатылды», делінген қала әкімдігінің хабарламасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Алматы облысына жұмыс сапарымен барды.
- Мәжіліс амнистия туралы заңды мақұлдады.
- Үкімет экономиканы цифрлық трансформациялау жұмыстарын жалғастырады.
- Үкіметте тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері қаралды.
- Қазақстандағы президенттік сайлауға ЕҚЫҰ/ДИАКБ Миссиясынан 300-ден астам байқаушы қатысады.
- 21 қазанда Республика күніне барлық мектептер мен колледждерде Әнұран орындалатын салтанатты жиындар өтеді.
- 24 қазан – қазақстандық кітапханашылардың кәсіби мерекесі болып бекітілді.
- Жыл сайын 3 мыңнан астам қандас Қазақстан университеттерінде тегін оқуға мүмкіндік алады.
- «Алматы» телеарнасы YouTube арнасының «Алтын батырмасын» алды.
- Елімізде Қазақстан драма театрларының фестивалі басталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына

+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





● ПРЕЗИДЕНТ

АЛМАТЫ – ҚОНАЕВ

автомагистралінің бойында төрт заманауи аудан салынады

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы аталған жоба бұрыннан талқыланып келе жатқанын еске салып, инвесторлардан жобаның жүзеге асырылу мерзімін нақтылады. Сондай-ақ, Президент инвесторларға G4 City қаласында қолжетімді баспана салу, қала орналасатын аумақ халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін қарастырып, жобаның әлеу-

меттік жағына да мән беру керек екенін айтты.

Даму перспективасы бойынша G4 City 2,2 миллионға дейін халық мекендейтін интеграцияланған қала ретінде дамиды. Шетелдік инвесторларды белсенді тарту мақсатында қалада арнайы экономикалық аймақтар құру, жаңа халықаралық әуежай салу қарастырылған.

Gate District ауданы қаржылық-іскерлік кластері, Golden District

ауданы білім беру және медициналық кластер ретінде дамиды. Ал экспортқа бейімделген сауда-логистика және инновациялық-индустриялық өнеркәсіп нысандары Growing District ауданына шоғырланады. Green District мәдениет және демалыс ауданында курорттық кешен, гемблинг индустрия нысандары мен арнаулы парктер орналасады.

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев пен Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаевқа G4 City қаласын дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын бекіту мәселесіне қатысты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ



Республика күніне арналған мерекелік және ресми іс-шаралар барлық сегіз ауданда өтеді. Қалада барлық жерде түрлі конкурстар, көрмелер, жәрмеңкелер және басқа да мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Алматыда Республика күні қалай тойланады?

21 қазан күні сағат 11.00-де Қазақстан–Британ техникалық университетінің әл-Фараби атындағы залында Республика күніне арналған ғылыми-практикалық конференция өтеді.

Аталған іс-шараға тарихи құжат қабылданған XII шақырылымдағы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің бұрынғы депутаттары, ғылыми зиялы қауым, үкіметтік емес ұйымдар, Алматы мәслихатының, қалалық мемлекеттік құрылымдардың өкілдері қатысады.

22 қазан күні сағат 12.00-де Қазақстан–Британ техникалық университетінде мемлекеттік және ведомстволық наградалар, Алғыс хаттар салтанатты түрде тапсырылады.

22 қазан күні сағат 17.00-де Республика сарайында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен салтанатты концерт өтеді. Оған қаладағы зиялы қауым, мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың өкілдері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, студенттер, әскери қызметшілер шақырылады.

23 қазан күні сағат 7.00-ден 13.00-ге дейін Charity Music Nur жаппай қайырымдылық жарысы өтеді. Жарыс Тұңғыш Президент саябағынан басталады. Қатысушылардың жоспарланған саны – 1700–2000 адам. Жарыс келесі қашықтықтарда өткізіледі: балалар жарысы (2 км – 7–14 жас), скандинавиялық серуендеу (10,5 км жүгіру және 21 км.), қатысушылардың жиыны сағат 6.00-де.

25 қазан күні сағат 11.00-де «Медеу» биік тау-шаңғы кешенінің алдында алаңда «Патриотизм дауысы» акциясы аясында мемлекеттік Ту салтанатты түрде көтеріледі және Әнұран орындалады. Салтанатты рәсімде мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдері, саяси партиялардың көшбасшылары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, студенттер, әскери қызметшілер (құрметті қарауыл, әскери-үрмелі оркестр) болады.

Сондай-ақ, осы уақытта қаланың барлық аудандарында мемлекеттік Әнұран жаппай орындалады (Алатау ауданы – Almaty Arena мұз сарайының аумағында, Алматы ауданы – ҚБТУ ғимаратының алдында, Әуезов ауданы – Алматы көпсалалы колледжі ғимаратының алдында, Бостандық ауданы – MEGA Almaty – Розыбакиев, Жетісу ауданы – «Гүлдер» саябағы, Медеу ауданы – Ғылым ордасы ғимаратының алдындағы алаң, Наурызбай – аудан әкімдігі ғимаратының алдында, Түркісіб–Сауранбаев көшесіндегі Арбатта).

Әнұранды орындағаннан кейін ЖОО, колледж және әскери оқу орындары студенттерінің қатысуымен «Қыран елім – Қазақстан» флешмобы өтеді.

25 қазан күні сағат 10.00-де «Ұлттық дала ойындары» республикалық ұлттық спорт түрлерінің фестивалі өтеді. Өтетін орны – Омаров көшесі, 10 А мекенжайдағы Алматы ипподромы.

25 қазан күні сағат 17.00-де қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Астана» алаңында мерекелік концерт өтеді.

Концерттен кейін мерекелік отпашу болады.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Дұрыс тамақтану – ұзақ өмір кепілі



Алматы төрінде «Ұлттық салауатты тамақтану орталығы» РҚБ-ның ұйымдастыруымен халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтіп жатыр. Отандық және шетелдік мамандардың басын қосқан алқалы жиын «Тамақтану: денсаулық және ауру» тақырыбын қаузауда.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұл халықаралық конференция Қазақ тамақтану академиясының негізін қалаған белгілі тұлға, академик Төрегелді Шармановтың 92 жылдық мерей жасына арналған.

Конференция шымылдығын ашқан Шарманов қоры қамқоршылық кеңесінің отырысына академиктің замандастары – белгілі тұлғалар Олжас Сүлейменов, Асанәлі Әшімов, Мұрат Әуезов, Қуаныш Сұлтанов, Юрий Ля және мегаполис басшысының орынбасары Әсем Нүсіпова қатысып, мерейтой иесіне ықылас көрсетіп,

оның отандық денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесін атап өтті. UNICEF-тің Қазақстандағы өкілі Артур ван Дизен де онлайн-байланысқа шығып, тілегін жеткізді.

Қазақстанда 2021 жылғы ақпанда Т.Шармановтың халықаралық қоры құрылған болатын. Оның қызметі денсаулыққа қатысты жалпыға бірдей құқық идеясын дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, денсаулық сақтау және дұрыс тамақтану саласындағы жас және болашағы зор ғалымдардың жобаларына қолдау көрсету.

Конференцияда Төрегелді Шарманов халықаралық қордың арнайы сыйлығын биохимия саласы бойынша белгілі ғалым Виктор Тутельянге, дәрігерлер мен пациенттердің құқығын қорғау бойынша заңгер Ақмарал Тұрсыноваға, биолог Ботагөз Кәукеноваға, биолог Динара Өскенбаева және химик Томирис Муликоваға өзі табыстады.

Екі күндік конференцияда отандық және шетелдік мамандар дұрыс тамақтанудың адам өміріндегі рөлі, семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу және емдеу, оқушылардың денсаулығы, тағамдық қоспаларды да дұрыс тұтыну сынды өзекті тақырыптарды тартуда.

● САЙЛАУ-2022

«Қоғамдық пікір» қоғамдық қорының белсенділері бақылаушыларды қабылдау басталғанын хабарлады.



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қоғам белсенділері өздерінің әлеуметтік желілері арқылы алматылықтарды сайлау науқанының барысы мен Қазақстан Республикасы Президенті сайлауының өткізілу үрдісін бақылауға қатысуға шақырды. Бұл туралы журналистерге қор белсендісі, қоғам қайраткері, Inderpend Digital Agency басшысы Рафаэль Гасанов айтты.

Белсендінің айтуынша, қазірдің өзінде 100 азамат бақылаушы болуға ниет білдірген.

– Бақылау үрдісін жүргізу үшін әдетте бізге 500–600-дей адам қосылады, өткен референдумда да, өткен Мәжіліс сайлауында да солай болды, бұл жолы бақылаушылар одан кем болмайды деп сенеміз, – деді қоғам қайраткері.

Рафаэль Гасанов мәлімдегендей, жақын арада бақылаушылар мектебі өз жұмысын бастамақ, белсенділер оның ашылғаны туралы әлеуметтік желілердегі парақшаларында хабарлайды. Дәріскер ретінде сайлау учаскелерінде жұмыс тәжірибесі бар волонтерлер қатысады. Біріктілермен қоса заңгерлер де шақырылады, олар болашақ байқаушыларды сайлау заңнамасының негіздерімен таныстырады. Барлық белсенділер анықтамалық әдебиеттермен, атап айтқанда, «бақылаушы дәптерімен» қамтамасыз етіледі, бұл оларға сайлау учаскелері мен сайлау барысын мони-

БАҚЫЛАУШЫЛАР МЕКТЕБІ

өз жұмысын бастамақ



торингілеу мен бақылау кезінде құқықтық ресурс ретінде қажет болады.

Рафаэль Гасанов тұжырымдағандай, «Қоғамдық пікір» қорының бақылаушылары сайлау учаскелерінің сайлауға дайындығын, атап айтқанда, олардың қажетті құрал-жабдықтармен және ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін тексереді.

Сайлау күні сайлау учаскелеріне байқаушылар бекітіліп, олар мониторинг жүргізіп, сайлау барысын бақылайды. Сондай-ақ, қо-

ғамдық белсенділер сапынан мобильді топтар құрылады. Олар даулы мәселелер, заң талаптарының сақталуы, дауыс беру ережелері бойынша сұрақтар туындаған жағдайда жедел түрде сайлау учаскелеріне барады.

Сайлау күні қоғамдық белсенділер жарты сағат сайын сайлау науқаны барысы туралы есеп дайындайды. Олар өңірлердегі өкілдермен онлайн-режимде пікір, дерек алмасады, бұл бүкіл елдегі дауыс беру барысына талдау жасауға мүмкіндік береді.

Рафаэль Гасанов бұл жұмыстардың қоры-

тындысы бойынша қоғамдық белсенділер арнайы қарар дайындайтынын айтты. Бұл құжатта олар өздерінің барлық бақылау жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді. Қарар ОСК-ға жіберіледі.

Брифингте Рафаэль Гасановпен қатар басқа да қоғамдық белсенділер – журналист, блогер, «Анық Time» телебағдарламасының жүргізушісі Мақсат Мамадияров және т.б. сөз сөйледі. Олар кәсіптік жасқа толған жастарды бақылау процесіне белсенді қатысуға шақырды.



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Невада–Семей»

қозғалысының тарихы, бүгін мен болашағы талқыланды

Ұлттық кітапхана қабырғасында «Невада–Семей» қозғалысының қатысушылары бас қосты. Іс-шараға «Невада–Семей» антиядролық қоғамдық қозғалысының негізін қалаушы Олжас Сүлейменов, Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, Қазақстан Журналистика академиясының вице-президенті, «Невада–Семей» қозғалысының вице-президенті Валерий Жандәулетов және өзге де зиялылар қатысты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ



Досбол
АТАЖАН

Іс-шара барысында Қазақстан тарихындағы ең маңызды бетбұрыстардың біріне әкелген «Невада–Семей» қозғалысының тарихы бүгін мен болашағы талқыланды.

– Кеңестік кезеңде ядролық жарылыстың гүл бейнесін алғашқы болып Семей тұрғындары көрді. 29 тамыз күні, 1949 жыл. Одан кейін 40 жыл бойы қазақстандықтар ядролық сынақтың зардабын шекті. Сол сынақтар шын мәнінде қанша адамның өмірін құртқанын білмейміз. Бұл деректер мүмкін біреуге белгілі шығар, бірақ бізге әлі жеткен жоқ, – деді Олжас Сүлейменов. Ол сондай-ақ қозғалыстың алғашқы қадамдарын еске алды.

– Кеңестік билік 1963 жылдан бері жер асты сынақтарына көшті. Сондықтан біз жарылыстардың адамдар үшін зияны жоқ деп ойлайтынбыз. Мен де бәрі секілді сынақтың қауіпсіздігіне сенетінмін. Ал алғашқы жарылыстан 40 жыл өткен соң, 1989 жылы ақпан айында маған әскери ұшқыш хабарласты. Ол маған кез келген сынақтың қауіп болатынын айтты. Кеңестік басшылар жел

тек батысқа соққанда сынақ өткізеді екен. Бірақ соңғы жарылыс кезінде дұрыс есептемеген болуы керек, улы газ бүкіл аумаққа тарап, әскерилердің отбасыларына да зиян тигізіпті, – деп еске алды қоғам қайраткері.

Олжас Сүлейменов айтылған оқиғадан соң Жазушылар одағының қабырғасында «Кітап сүйер қауым күні» деген атпен Семейдегі сынақтар туралы айтатын жиналыс ашады.

– Радиодан «Кітап сүйер қауым күніне» орай жиын өткізетінімізді және Семей полигонының мәселесі жайлы қысқаша сөз қозғалатынын хабарладым. Бірақ жиналыстың өзіне «кітап сүйерлер» емес, полигонға қарсы қауым жиналды. Сонда көпшілік «Полигон жойылсын» деп айқайлады. Мен бұл сөздерді ұранға айналдыруды ұсындым. Осы жиында «Невада–Семей» қозғалысының негізі қаланды, – деді О.Сүлейменов.

«Дөңгелек үстел» барысында өзекті мәселелер талқыланған соң Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев Олжас Сүлейменов атындағы сыйлықтың биылғы лауреаты Азат Әкімбекті марапаттады.

МЕРЕЙ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ

Мегаполисте II халықаралық «Исабеков әлемі» атты театр фестивалінің жеңімпаздары анықталды. Іс-шараға алыс-жақын шетелдерден үш театр, Қазақстаннан үш театр қатысты. Бір автордың пьесалары сахналанатын бұл фестиваль мәдени, рухани өмірімізде алтын әріптермен жазылып қалды десек, артық айтпағанымыз болар.

«ИСАБЕКОВ ӘЛЕМІ»

атты театр фестивалінің жеңімпаздары анықталды



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Салтанатты кешке жазушыны құттықтауға Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен зиялы қауым өкілдері қатысты. Дәурен Абаев жазушының шығармашылығына тоқталып, көрнекті қаламгер қазақ халқының арасында үлкен құрметке ие екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жазушыға құттықтау хатын оқып, қазақ дәстүрімен иығына кестелі шапан жапты. Шығармашылығына ерекше тоқталып, ұлтымыздың мақтанышына айналғандығын атап өтті.

«Қаламызда екінші рет өткізіліп жатқан фестивальдің орны өзгеше. Қазақтың қарымды қаламгері, даңқты драматург, көркем сөздің хас шебері Дулат Исабеков ағамыздың 80 жасқа толу мерейтойымен орайлас келіп отырмыз. Баршаңызға белгілі, ұлттың өресін өсіретін, эстетикалық талғамын қалыптастыратын, әлемге танытатын асыл өнері мен көркем әдебиеті. Бұған біз көрнекті жазушы Дулат Исабековтің шығармашылығы арқылы тағы да көз жеткізіп отырмыз. Ағамыздың қаламынан туған «Мазасыз күндер», «Қара шаңырақ»,

«Тіршілік» секілді повестер мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» романы көпшіліктің жүрегінен орын алып, әдебиетіміздің қазынасын байытты. Әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, мәдени өрісімізді кеңейтті. Дулат Исабеков мазмұнды пьесалары әлемнің әйгілі сахналарында қойылып жүрген бірден-бір қазақ драматургі. Оны осынау «Исабеков әлемі» атты театр фестивалі айқын көрсетіп отыр. Бұдан бөлек, Алматы жұртшылығы тамашалаған «Бөрте» спектаклі әдебиет әлеміндегі үлкен құбылыс, – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Кеш соңында бір аптаға созылған «Исабеков әлемі» атты театр фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Түркістан музыкалық драма театры сахналаған «Бөрте» спектаклі бас жүлдеге ие болды. Арнайы жүлдені Түркиядан арнайы келген Эрзурум театры иеленді. Сондай-ақ, Грузиядан келген И.Мачабели атындағы Цхинвали кәсіби мемлекеттік драма театры «Актриса» спектаклі үшін арнайы жүлдеге ие болды. Ал үздік актерлік ансамбль номинациясын Ұйғыр театры иеленді. Фестивальге М.Өуезов атындағы академиялық драма театры «Жүз жылдық махаббат» спектаклімен қатысқан болатын. «Үздік актриса» жүлдесін Дария Жүсіп Зылиха рөлі үшін, ал «Үздік актер» номинациясын Алсам Шаяхметов Мағжан рөлі үшін жеңіп алды. «Үздік режиссер» марапатын Гоча Грузия театры жеңіп алды.

САЙЛАУ–2022

Алматыда «Ел ертеңі» ұйымы сайлау барысын бақылайды

«Ел ертеңі» қоғамдық қорының өкілдері өздерінің баспасөз конференциясында жастарды сайлау үрдісіне белсене қатысуға шақырды.

Брифинг спикерлері – саясаттанушы, тарихшы Талғат Жанысбай, блогер және саяси белсенді Азамат Жолданбаев пен журналист әрі аудармашы Анастасия Ульяновна штаб қызметі мен тәуелсіз бақылаушылар пулын құру басталғанын мәлімдеп, ой-тұжырымдарымен бөлісті.

– Тарихқа көз жүгіртсек, ата-бабаларымыз да бас қосып, жиналыс-жиындарда өз көшбасшыларын сайлап отырған. Сайлау – мемлекет пен халық арасындағы көпір іспетті. Алағашы сайлауда ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету үшін біз осы жұмысты ұйымдастырып, сайлау үрдісін бақылауға қатысуға шешім қабылдадық. Біздің басты мақсатымыз – жастарымызды бұл жұмысқа көптеп тарту, олардың белсенділігін арттыру және саяси сауаттылығын көтеру. Жақын арада біз байқаушылардың сапалы тобын құрып, олардың білікті дәріс алуын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз, – деді Азамат Жолданбаев.

Сондай-ақ, ол кездесу барысында тәуелсіз бақылаушылардың штабы құрылғанын айта келіп, алматылықтарды осы бастаманы қолдауға шақырды.

«Бүгінгі баспасөз конференциямыздың негізгі себебі – жақында болатын Президент сайлауы. Сондықтан біз мемлекетіміздің болашағына бейжай қарамайтын белсенді жастардан тұратын «Ел ертеңі» тәуелсіз бақылаушылар штабын құрып жатырмыз», – деді әріптесінің сөзін қолдаған Талғат Жанысбай.

Спикерлер әр бақылаушының ресми тіркелетінін, оларға тиісті құжаттардың бәрі берілетінін, бақылаушылар арнайы оқытылатынын айтты.

Кездесу барысында Анастасия Ульяновна ел арасында БАҚ өкілдерін «төртінші билік» деп атайтынын, журналист – халықтың көзі әрі үні екенін еске салды. Өзі сондықтан да еліміздің азаматы әрі жас маман ретінде бақылаушы болуға шешім қабылдағанын айтты.

«Ел ертеңі» бірлестігі қызметінің басты мақсаттарының бірі – жастардың бойында саяси мәдениетті қалыптастыру және жалпыхалықтық сайлауларға қатысу тәжірибесін жетілдіру.

«Біз жастарды еліміз үшін аса маңызды осы оқиғадан тыс қаламауға шақырамыз. Бақылаушы болғысы келетін, бірлестіктің жұмысына атсалысам деген азаматтарды біз оқытамыз, ақпараттандырамыз, практикалық көмек көрсетеміз. Біздің қозғалысқа бұрын бақылаушы ретінде тәжірибесі бар адамдар мен қоғамдық ұйымдар да қосылады деп үміттенеміз», – деді журналист.

БРИФИНГ

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас эпидемиологы Бақжанар Мұхамедияның айтуынша, бүгінде вирустық инфекциялардың көбейгені байқалады.

Қазірдің өзінде қала бойынша 30 415 ЖРВИ және 3 тұмау жұқтыру жағдайы тіркелген. Бұл туралы спикер Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде мәлім етті.

«Егер эпидемияға дейінгі маусымның басында балалар арасында жұқтыру деңгейі 65,2 пайызды (3876 жағдай) құраса, бүгінде ересек тұрғындар арасында да ауру деңгейінің артуы байқалады», – деді Б.Мұхамедия.

Маманның айтуынша, жедел респираторлық инфекциялардың алдын алуға мегаполистің барлық дәрігерлері басымдық беріп отыр. Бақжанар Мұхамедияға тұмаудың алдын алудың ең тиімді әдісі дер кезінде вакцина алу екенін ескертті.

«Жыл сайын қазан-қараша айларында тұмауға қарсы екпе алғанда тек биыл шығарылған вакцинаны салғызу қажет, өйткені тұмау вирусы мутация ұшырайды және өзгеруге қабілетті. Вакцинаны алғаннан кейін иммунитет 14 күннен кейін қалыптасады және маусым

бойы 1 жылға дейін сақталады», – дейді ҚДСБ өкілі.

Айта кеткен жөн, Алматыда жергілікті бюджет есебінен, яғни қатерлі топтағы адамдар тұмауға қарсы екпеден өтеді. Вирус жұқтыру қаупі жоғары топтағы адамдарды тұмауға қарсы егу науқаны 6 қыркүйекте басталды. Қатерлі топқа медицина қызметкерлері; медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар; балалар үйлерінің, сәбилер үйлерінің, қарттар үйлерінің контингенті; сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша 60 жастан асқан қарт адамдар, жүктіліктің 2 және 3 триместріндегі жүкті әйелдер, созылмалы аурулары бар адамдар, интернат тәрбиеленушілері кірген.

Вакцинацияны жүргізу үшін жергілікті бюджеттен Ресейде өндірілген 130 000 доза мөлшерінде үш валентті тұмауға қарсы «Гриппол плюс» вакцинасының бірінші партиясы сатып алынды. Сондай-ақ, 17 қазанда қосымша 80 000 доза мөлшерінде «Гриппол плюс» вакцинасының екінші партиясы сатып алынды. Сонымен, эпидемияға дейінгі маусымда сатып алынған вакцинаның жалпы саны 210 000 дозаны құрады, бұл тегін егуге жататын вакциналауға жататын халықтың саны.

ӨКҚ спикері 6 медициналық орталықта («ІМС» МО, «Вакцина-

ция клиникасы», «Фармаком» ЖШС, «Medical Assistance Group» ЖШС, «СОС-ҚАЗАҚСТАН» ЖШС, «Medical Assistance Group» ЖШС, «Интертич» ЖШС, «Авиценна» ЛДЦ) қазан айынан бастап халықты ақылы негізде вакцина алуға болатынын атап өтті.

Эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас эпидемиологы Бақжанар Мұхамедияға қала тұрғындарын ЖРВИ және тұмауға қарсы алдын алу шараларын сақтауға шақырады:

ЖРВИ және тұмаумен ауыратын пациенттермен байланыста болудан аулақ болыңыз, егер жанасуды болдырмау мүмкін болмаса, бетперде кию керек; пациент ұжымға барған кезде қоғамдық орындарда, сондай-ақ, үйде бетперде кию керек; аурудың белгілері болған жағдайда медициналық көмекке жүгіну керек, өзін-өзі емдеуге болмайды; түшкіру және жөтелу кезінде ауызды колмен, майлықпен жабу; қолды мүмкіндігінше жиі жуу; иммундық жүйені көтеру үшін С дәруменін көбірек қолдану; ЖРВИ және тұмау жиілігінің жоғарылауы кезеңінде қоғамдық іс-шараларға қатысуды азайту; ата-аналардан ЖРВИ және тұмаумен ауырган балаларды мектепке, мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне жібермеуді сұрайды.

Айнұр СЕНБАЕВА.



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

АҒАШ ЕГУ – САУАПТЫ ІС

Күзде қандай көшет отырғызған жөн?

Әрбір қала тұрғыны жасыл желекті көбейту арқылы Алматының көркеюіне үлес қоса алады.**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Өткен аптада Алматыда тегін көшет таратуға арналған «Жасыл аула» науқаны басталды. Қаланың Экология және қоршаған орта басқармасы ұйымдастырған науқан аясында алматылықтарға үйлерінің ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға шаған, үйенкі, шегіршін, терек, қараған мен қайыңның көшеттерін тегін алуға мүмкіндік бар.

Жалпы, егілген ағаштың һәм жасыл желектің қоршаған орта үшін пайдасы шаш-етектен. Ағаштың пайдасы сол, ол айналадағы шудың азаюына сеп бола отырып, аптап ыстықта көлеңкесін жаныңа сая етеді. Топырақтың құнарлылығын сақтауда да, дауылдың екпінін азайтуда да көмегі зор. Ғалымдардың айтуынша, табиғаттағы тепе-теңдікті сақтап тұратын да осы ағаштар көрінеді.

Алдағы көктем, жаз айларында айналым жасыл желекпен көмкеріліп, ауламыз жайнап тұруы үшін ағаш егу жұмыстарын дәл қазіргі уақытта, яғни күз мезгілінде қолға алған жөн. Бұл игілікті іс негізінен қалаға кейіннен қосылған елдімекен тұрғындарына тигізер пайдасы зор болмақ. Осы тұста біз тұрғындарға күз мезгілінде егілетін ағаштар

жөнінде аз-кем ақпарат бере кеткенді жөн көрдік.

Әдетте, көпшілігіміз жасыл желекті көктем айларында отырғызып жатамыз. Алайда, бұл мезгілде егілген көшеттер көп күтімді қажет етеді. Жиі-жиі суарып, баптама, олардың дәл сол уақытта жайқалып өсіп кетуі екіталай. Бұл сөзіміз көктемде ағаш отырғызға болмайды деген сөз емес. Ең бастысы, дұрыс күтім жасалса болғаны. Жалпы, бау-бақшамен айналысатын бағбандар күзде егілген көшеттердің 99 пайызы көгеріп, жеміс беретінін айтады. Сондықтан әсіресе, жеміс ағаштарын мүмкіндігінше күзде отырғызған дұрыс деп есептейді. Өйткені, олар көктемге дейін тамыр жайып, жерінеді. Яғни күтімді де қажет етпейді. Жеміс ағаштарынан бөлек, үй ауласына егілетін сәндік және жеміс бермейтін талдар да адамға жағымды энергетика сыйлап, көңіл күйді көтеруде пайдасы көп.

Алматының ауа райын жобалап дәл осы кезді ағаш егуге қолайлы деп есептеген тәжірибелі мамандар көшетті қыркүйектің ортасынан қазан айының соңына дейін отырғызған тиімді дейді. Мамандардың айтуынша, көшетті екенде ең бастысы шұңқырларды алдын ала қазып, дайындап қойған дұрыс. Тағы бір ескеретін жайт, көшет егілетін кезде жаңа көң мен минералды тыңайтқыш берудің қажеті жоқ. Бүгінгі көшет ертеңгі жеміс ағаштары екенін естен шығармаңыз. Ағаш екенде арақашықтықты



міндетті түрде сақтаңыз. Сондай-ақ, кеміргіштерден сақ болған жөн және басқалай зиянкестерден қорғау үшін ағаштың дінін әктеп қоюдың артықтығы жоқ дейді мамандар. Біле білсеңіз, ағаш егуде де түрлі ырымдар бар. Мәселен, ақ гүлді, хош иісі бар қараған, акация ағаштары – бұл үйге бала шақырады деген ырыммен егіледі екен. Ырымға сенетіндер егер ауласында дәл осы ағаш болса, бұл шаңырақтың ұрпағы көп болады деседі. Сәндік үшін егілетін ағаштардың барлығында да адамды жағымсыз энергетикадан арылтатын қасиеттерге ие.

Ендеше, ұтымды ұсынысты қабыл алып, тегін көшеттен құр қалмаңыз, аулаңызға ағаш егіңіз...

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АҒАШТАР ДА
ҚОРҒАЛАДЫ

Қазақстан аумағынан отын ретінде пайдаланылатын кейбір ағаш түрлерін әкетуге тыйым салынуы мүмкін. Мұндай ұсыныс ашық талқыға шығарылған Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің бұйрығында жазылған.

«Қазақстан аумағынан тауар коды 4401 (отын ретінде пайдаланылатын бөренелер), 4403 (отын ретінде пайдаланылатын өңделмеген ағаштар), 4404 (өңделмеген ағаш қадалар мен бағаналар), 4406 (теміржол немесе трамвай жолдарына арналған ағаш бөренелер) және 4407 (қалыңдығы 6 мм асатын арамен кесілген немесе сындырылған ағаштар) болатын ағаш материалдарын әкетуге алты ай мерзімге тыйым салынсын», – делінген құжатта. Бұйрыққа сәйкес, аталған ағаш түрлерінің ел аумағынан тыс жерлерге әкетуге салынатын тыйым шараларын Мемлекеттік кірістер комитеті, Шекара қызметі мен «Қазақстан теміржолы» компаниясы қамтамасыз етуі тиіс.



КЕРЕК ДЕРЕК:

• Ресми деректерге сүйенсек, Алматыда бүгінде 2 миллионнан астам ағаштар мен бұталар бар.

• Республика күніне орай «Желтоқсан» саябағында 1000-нан астам ағаш отырғызылды.

ЖИЫН

МИБ ҚЫЗМЕТІН
ҚАЙТА ФОРМАТТАУ
мәселелері қаралды

Алматыда ПИК және МИБ қызметін қайта форматтау мәселесі талқыланды.

Алматы ауданының тұрғын үйлерді басқару органдарының төрағалары, сондай-ақ Алматы қаласы мәслихатының депутаты Бакытбек Жұмабаев Президенттің 1 қыркүйектегі Жолдауы шеңберінде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, қоғамдық кеңестердің, ПИК және МИБ қызметін қайта форматтау мәселелерін қарады.

Жиынға қатысушылар монополиялардың пайдасын шектеу және инфрақұрылымға инвестицияларды қамтамасыз ету қажеттілігі арасындағы теңгерімді сақтаудың маңыздылығын, сондай-ақ монополиялық нарықтардың «инвестицияларға айырбастау тарифі» жаңа тарифтік саясатына көшу қажеттігін атап өтті. Бұл ретте Мемлекет басшысының пікірінше, желілер мен қуаттардың тозу көрсеткіштерін кем дегенде 15%-ға қысқарту қажет болады. Бұл мәселеде жекеменшік иелеріне үлкен рөл беріледі. Өйткені, олар инвестицияның едәуір бөлігін тариф есебінен емес, өз қаражатынан салуы керек.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ӘЛЕУМЕТ

Отбасының цифрлық картасы жасалды

Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Әлеуметтік кодекс» жобасы аясында 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап елімізде пилоттық режимде «Отбасының цифрлық картасы» іске қосылды.

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

– Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) дегеніміз – барлық жеңілдік, артықшылықтар, жәрдемақылар және басқа мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер жинақталған әрі персонализацияланған база. Бұл ақпараттық жүйеде әртүрлі мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың барлық азаматқа қатысты мәліметтерді қолданады. Яғни әр қазақстандықтың әл-ауқаты көрсетілген жеке досье, – дейді Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы А.Нұрғалиева.

Сонымен қатар, ОЦК – әрбір отбасының отбасылық құрамы мен әл-ауқаты деңгейіне қарай мемлекеттік қызметтер халық тарапынан өтініштерді емес, анықтау есебінен көрсетілетін болады. Бала туу және баланың күтімі бойынша жәрдемақы, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақылар, мүгедектік бойынша берілетін жәрдемақылар, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек және т.б. төлемдер осы жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сүйенсек, мемлекеттік қызметтер халық тарапынан өтініштерді емес, анықтау есебінен көрсетілетін болады. Бала туу және баланың күтімі бойынша жәрдемақы, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақылар, мүгедектік бойынша берілетін жәрдемақылар, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек және т.б. төлемдер осы жүйе арқылы жүзеге асырылады.



«Отбасының цифрлық картасының» жұмыс істеу алгоритмі мынадай: мемлекеттік қолдау іс-шараларын алуға құқық белгіленген кезде, әлеуетті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін СМС-хабарлама жіберіледі. Келісім алғаннан кейін әлеуметтік жәрдемақы, төлем немесе мемлекеттік қолдаудың өзге де түрі тағайындалып, кейіннен алушының банк шотына аударылады. Осылайша қызметті жеделдетуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартып, жең ұшынан жалғасу әрекеттерінің жолын кеседі.

Сонымен қатар, мемлекеттік көмекке зәру, бірақ өзіне қолдау қарастырылғанын білмей, жүгінбеген азаматтар да анықталған. Оларға проактивті қызмет алу туралы SMS-хабарламалар жолданылуда.

– Бүгінгі күнге Алматы қаласы бойынша зейнеткерлердің саны 234 801 адамды құрайды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты) алушылардың саны – 50 706, арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар – 28 340, ал көпбалалы отбасылардың саны – 27 733. Осы орайда айта кетсек, көпбалалы отбасылар Алатау ауданында көп тіркелген, олардың саны – 8469. Отбасының цифрлық картасындағы деректер отбасы және оның мүшелері мәртебесінің өзгеруіне қарай жаңартылып отырады, – дейді А.Нұрғалиева.



БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Бірде «бүгінгінің батырлары кім?» деген сауалнамаға көзім түсіп, бұл сұрақты өзіме де қойдым. Сонда бірінші ойға келген «өрт сөндірушілер» болды. Себебі, олар бейбіт заманда күн-түн демей тілсіз жаумен алысатын жалғыз маман иелері. Жалынның жағасынан алып, қаншама жерді жалмап өтуге мүмкіндік бермейтін бұл батырларымызға тиісті баға берілмейтіндей көрінетін маған. Сөйтіп жүргенде, өмірінің біраз бөлігін тілсіз жаумен күреске арнап, бүгінде жас құтқарушыларды тәрбиелеп жүрген Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы Әділбек Қайыркенұлы Жұмабаевпен әңгімелесудің сәті түсті. Ол кісі абыройлы мамандықтың қыр-сырынан сыр шертіп, өз еңбек жолы туралы да сөз қозғады.



«АДАМНЫҢ ӨМІРІ ОЙЫҢДА ТҰРАДЫ...»

Өрт сөндірушілер «Отан үшін отқа түс – күймейсің!» дегенді ойға салады



Тәрбие – тал бесіктен

«Мен көкөрай шалғынды Көкшетау-данмын» деп сөзін бастаған ол өзінің 1982 жылы дүниеге келгенін, 1999 жылы Ақмола облысындағы №1 Красноярск орта мектебінде 11-сыныпты бітіргенін айтып берді. Сондай-ақ, бала Әділбектің басты мақсаты офицер болу екенін де жасырған жоқ.

– Менің әкем «Госстрах» (Мемлекеттік сақтандыру) басшысы, ал анам мектепте мұғалім болды. Сондықтан мен сабағымды жақсы оқыдым. Үйде 5 бала болды: төрт ұл және бір қыз. Әкеміз үйдегі ер кіндіктің бәрі әскери адам болғанын қалады. Соның әсерінен бе, өзім де бала кезден офицер атанғым келді. Сөйтіп, мектеп кезінен спортпен айналыстым. Ал Көкшетауда лейтенант атағын алып шығатын жалғыз институт болатын. Мен әкемнің бағдарымен еш ойланбастан сол жерге оқуға түстім, – деп балалық шағын еске алды батыр.

Ол өзі айтқандай, 1999 жылы ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтына (қазіргі М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы) оқуға түсіп, 2003 жылы оны бітірген соң, «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша лейтенант атағын алып шығады.

– Академияны аяқтаған соң, әр түлектің үстінен оны қайда бағыттау туралы ұсыныс жазылады. Бізде екі мамандық болды: бірі – инспектор, екіншісі – өрт сөндіру мекемесіндегі қарауыл бастығы. Мен мемлекеттік өрт бақылау мекемесіне инспектор ретінде жіберілдім. Алайда, бұл жұмыста бір айдай істеп, өзімнің өрт сөндіру қызметінде істегім келетінін түсіндім. Мен шынайы өрт сөндіруші болғым келді. Сондықтан өз еркіммен өтініш жазып, Қарағанды облысының «Өрт сөндіруші» бөлімшесіне қарауыл бастығы болып ауыстым. Сол уақыттан бері осы саладан алыстаған емеспін.

Иә, бүгінде талай отқа тайсалмай түскені үшін көптеген медальдармен марапатталған Әділбек ағаның еңбек жолы осылай басталған екен.

Алматыға әкелген арман

Қарағанды облысының өрт сөндіру қызметінде 15 жыл жұмыс істеген ол 2018 жылы Алматыға ауысады. Қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы да мегаполиске келген тәжірибелі маманды құшақ жайып, қуана қарсы алғаны хақ. Себебі, күйбелені күнде болатын еліміздің ең ірі шаһарына Әділбек Жұмабаев секілді өз ісін жетік білетін және оны өзінен кейінгі жастарға жеткізе білетін еңбек адамдары керек. Ал Көкшетау тумасы өзін Алматыға әкелген байырғы арман дейді:

– Алматы – барлық қазақстандықтар үшін мүмкіндіктер қаласы. Меніңше, оңтүстік астанамыз қай саладан болсын, мейлі ол спорт не білім – әрдайым оқ бойы озық тұрады. Мұнда барлық заманауи құрал-жабдықтар бар. Сондықтан Отаным осы мекенде қызмет етуге мүмкіндік туғанда мен еш ойланбастан көшіп келдім, – деп, Алматыны айтып ағынан жарылды ол.

Кейіпкеріміз Алатаудың баурайына енді келгенде қалалық өрт сөндіру қызметінде бөлім бастығының орынбасары болып орналасады. Алайда, бір жыл өтпей, өзі үшін жана өңірдің қыр-сырын үйреніп, өз жұмысымен көзге түседі де, алдымен бөлім басшысы, одан соң өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы қызметіне көтеріледі.

– Мен басшылық ететін біздің бөлім көптеген қызметтерді қатар атқарады. Нақты айтсақ, бөлімшелер мен гарнизон деңгейінде оқу-жаттығулар мен арнайы жаттығуларды ұйымдастыру, жеке құрамның дайындығына тексеріс жүргізу, техникалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету және т.б. Гарнизонда 19 кезекші бөлім және ерекше қорғалатын аумақтарды күзететін 1 бөлім бар, барлығы – 20. Стандарттарға сүйенер болсақ, Алматы сынды алып қалада кемі 35 бөлім болуы керек. Бірақ жұмыстың көптігіне қарамай, біздің жігіттер өз міндеттерін адал атқарады.

Басты қару – білім

Бүгінде Әділбек Жұмабаевтың негізгі қызметтерінің бірі – жас мамандарды тәрбиелеу. Оның айтуынша, өрт сөндірушілердің басты қаруы – білім. Өрт сөндіру операциясының сәтті аяқталуы тікелей маман біліктілігіне байланысты. Сондықтан ол басшылық қызметінің алғашқы күнінен өз білімі мен тәжірибесін бұл салаға енді аяқ басқан інілерімен бөлісіп келеді.

– Әскердегі сарбаздар соғысқа дайындалып, бірақ бүкіл қызмет кезінде бірде-бір рет қару қолданбауы мүмкін. Ал өрт сөндірушілер алғашқы күннен алдыңғы шепте жүреді. Біз қарсы тұрған жауымызбен бітімге келе алмаймыз. Жалын тілді түсінбейді, қателікті кешірмейді. Сондықтан өрт сөндірушілер кез келген жағдайға дайын жүруі керек. Осы мақсатта жас мамандардың біліктілігіне аса мән беремін. Олардың шеберлігін шындауға тырысамын, – дейді Ә.Жұмабаев.

Ол әңгіме барысында өрт сөндіру қызметіне келгісі келетін қыз-жігіттерге де ой-тілегін білдірді:

– Өрт сөндірушілер 1 күн қарауылға түсіп, 3 күн демалады. Бірақ жұмысқа келген сәттен ол тәуліктің тыныш өтетінін ешкім кепілдік бере алмайды. Дабыл соғылса кезекші бөлім 2 минутта дайындалып шығып кетуі керек. Кейде бір мекенжайдан келе сала, дамылсыз, келесі жерге жүріп кетеді. Ал өрт әр жерде әртүрлі болады. Жалын ешқашан бірдей жайылмайды. Кейде көпқабатты үйдің күмбезіне шығу керек, енді бірде тас қараңғыда жұмыс істеу қажет. Жоғары температураға қарамай, өз міндетіңді мінсіз атқаруға тиіссің. Бұл біздің мамандықтың қиындықтары. Алайда, «өрт сөндіру қызметінде жұмыс істеймін» деген жандарға ауыр жұмыстан қорықпауға шақырамын. Себебі, төгілген тер әрдайым ақталады. Егер өрттен кейінгі біздің жігіттердің суретін қарасаңыздар, қанша шаршаңқы болса да, бәрінің



келбетінен бақыт байқалады. Өрт сөндіру қызметінде өз мамандығын мақтан тұтпайтын адам жоқ.

Ішкі тебіреніс

Өзге адамның өмірі өзіне байланса, кімнің болсын арқасында ауыр жүк сезілері анық. Ал бұл сезімді Төтенше жағдайлар мен Өрт сөндіру қызметінде істейтін құтқарушылар күнделікті сезінеді. Әр дабылдан кейін тиісті нысанға жеткенше ішкі тебіреністе болады.

– Менің көп жылдық тәжірибемде байқағаным – әр өрт сөндіруші, оның ішінде өзім де бармын, шақырылған жерге уақытында жетуді уайымдайды. Көлікте отырғанда «тек уақытында үлгерсем екен, тек

тағы бір жанды құтқара алсам екен» деген ойда боласыз.

Өйткені, сенен басқа ешкім жалынға кірмейді. Қиын жағдайда қалған адамның өмірі сенің мойнында, – деп өз мамандығынан сыр шертті Әділбек аға. Сонымен қатар, небір қиын-қыстаудан бірге жүріп, бірге өтетін жеке құрамдағы адамдардың жай ғана әріптес емес, нағыз отбасыға айналатынын айтты. Оның айтуынша, бұл салада жалғыз адам жақсы жетістікке жете алмайды. Тек бірлік барда іс оңға басады.

Тәжірибелі маман бұл ереженің өмірде де орындалатынын білсе керек. Бүгінде өмірлік серігін таба білген ол, жан жарымен бірге бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Жұмыстан бос уақытта отбасымен уақыт өткізіп, тауға шыққанды, гитара тартқанды ұнатады.



P.S. Алматының нағыз алыптары – өрт сөндірушілер. Абыройлы міндетті адал атқаратын бұл мамандарға әрқашан да алғысымызды білдіреміз.



РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ЖОЛДАУ-2022

Отандық бизнес
өркендейді

Алматыда ел Президентінің Жолдауын талқылауға арналған түсіндіру жұмыстары жалғасып жатыр.



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Жалпы, сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Сондықтан еліміздің болашағын айқындайтын құжатты талқылау барлығымыз үшін маңызды. Алатау ауданы, «Байбесік» ықшамауданында орналасқан «Mebel Laif» ЖШС ұжымында өткен жиын барысында Мемлекет басшысының ауқымды мәселелер бойынша нақты тапсырмалар бергені туралы жан-жақты айтылды.

«Біздің еліміз қазір қайтадан құрылуда. Біз басқа деңгейге жетуге талпыныс үстіндеміз. Елімізде референдум өтті. Көптеген өзгерістер болып жатыр. Бұрын депутаттар халықпен кездесуге жылына бір рет келетін еді. Шыны керек, халық тіпті көптеген депутаттарды білмейтін. Дегенмен, қазір бәрі өзгеріп жатыр. Біз сіздердің қойып жатқан барлық сауалдарыңызды тиісті орындарға жеткіземіз», – деді Алматы қаласы мәслихатының депутаты Гүлжан Бекенова.

Жиын барысында халықтың тұрмыс жағдайы, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің түрлері туралы кеңінен әңгіме болды. Сөз сөйлегендер Мемлекет басшысының Жолдауы еліміздің дамуы үшін айқын бағыт, басты бағдар болатынын атап өтті.

«Қ.Тоқаев мемлекетті нығайту, отандық бизнесті қолдау, халықты әлеуметтік қорғау және экономиканы дамыту жайына кеңінен тоқталды. Жергілікті билік қызметінің тиімділігін тікелей бағалау бастамасын көтерді. Біз осы Жолдау міндеттері орындалып, қазақстандықтардың тұрмыс сапасын арттыру, кәсіпкерлікті қолдау, инфрақұрылымды дамыту, баспана мәселесін шешу сынды тегеурінді басымдықтар жүзеге асқан жағдайда елдің тұрмысы түзеліп, жағдайымыздың жақсаратынына сенеміз. Жолдау болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді. Ендеше, қуатты Қазақстанды бірге құрып, елдің әл-ауқатын жақсарту жолында жемісті жұмыс істеп, ерінбей еңбектенейік», – деді Алматы қаласы мәслихатының депутаты Арайлым Шамова. Кездесу барысында депутаттарға көптеген сұрақтар қойылып, нақты жауаптар айтылды. Жиынға қатысушылар мемлекеттің қазіргі қолдауларының арқасында отандық бизнес пен шағын кәсіпкерліктің жақсы дамып келе жатқанына баса тоқталды.



Хангелді ӘБЖАНОВ,
тарих ғылымының докторы:

Өшкенім жанды,
өлгенім тірілді

Республика күнін калпына келтіру туралы Мем-

лекет басшысы Қ.Тоқаевтың шешімі тарихты, мемлекеттік құрылысты, бетбұрысты тереңінен түсінгенінің көрінісі. Президент те сол оқиғаның куәгері. Оның ғылыми, саяси тұрғыдан ерекше сәт екенін қапысыз ұққаны. Соны өзінің бүгінгі құзыреттілігіне сүйеніп тірілгені – өшкенімнің жанғаны, өлгенім тірілгенінің көрінісі.

Дулыға АҚМОЛДА,
актер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Әр отбасы
үшін орны
бөлек мереке

Әр мерекенің өз алдына маңызы бар. Соның ішінде Республика күні аты айтып тұрғандай, ел болып тарихқа үніліп, жеткен жетістіктерді саралау дегенге саяды. Бұл мерекені үлкен көлемде тойлау өз алдына, әр отбасы үшін орны бөлек шара деп есептеймін.

Сондықтан да Республика күні Қазақстан халқы үшін үлкен мереке. Бұл күнге жеткен де бар, жетпеген де бар. Республика күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Елдің іргесі, шекарамыз берік болсын!

Сәуле ЖАНПЕЙІСОВА,
әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Тәуелсіздікке деген
алғашқы қадам болды

Тарихи күнді атап өту жөнінде Президентіміздің ұсынысы қолдау тауып, биыл араға бірнеше жыл

салып, қайтадан Республика күнін мерекелейін деп отырмыз. Бұл мереке тәуелсіздік, егемендік деген сөздердің түпкі мақсатын шын мәнісінде сезінуге септігін тигізеді деп ойлаймын. Бұл күн тәуелсіздікке алғашқы қадам жасағанымызды айғақтайды. Жастардың бойына отаншылдық сезім ұялатып, жігер беретін өзіндік орны бар мерекені өз деңгейінде атап өтуіміз керек.

Мақсат РАХМЕТ,
әнші, актер:

Ел іргесі тыныш болсын!

Республика күні – мәні мен мазмұны өте ерекше мереке. Қайтадан мемлекеттік мерекелердің қатарына кіргені өте дұрыс болды. Себебі, ең қастерлі мереке – Тәуелсіздік күні болса, одан кейін осы – Республика күні.

Еліміздің нағыз мемлекеттілігі мен егемендігін тойлайтын, жарияға жар салатын мереке деп ойлаймын. Осы орайда, бүкіл қазақстандықтарды қастерлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Ел іргесі тыныш болсын!




Толқын ЗАБИРОВА,
әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Бәрі ауызбіршіліктің арқасы

Республика күні ұлттық мереке тізіміне енгізіліп жатыр. Ол – үлкен жетістік. 90-жылдары 25 қазанда «Қазақстанның егемендігі туралы» Декларация қабылданған

болатын. 70 жыл бойы арманда қалған тәуелсіздікке қарай алғаш басқан қадамымыз еді. Қазақ «саусақ бірікпей, қолға ине ілікпейді» деген сөз бар.

Осы ауызбіршіліктің арқасында, бір-бірімізге деген сүйіспеншіліктің арқасында осындай жақсы заманда өмір сүріп келе жатырмыз деп ойлаймын.



Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МӘСЕЛЕ

АЛМАТЫНЫҢ АУАСЫ

Статистика не дейді?

Алматы ауасының ластануы көптен бері шешілмей келе жатқан күрмеуі қиын мәселеге айналғалы біраз уақыт болды. Көк аспанда тек жаңбыр жауғаннан кейін ғана көре аламыз. Көбіне аспанды көк түтін торлап жатады.



Ақтолық
ТҰРЫҒАЗЫ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗАЛАЛ КЕЛТІРМЕУ – ПАРЫЗ

Кейде күнделікті күйбең тіршілікте аспанға қарайтын шамамыз да болмайды. Таңғы сағат 9-да жұмысқа келіп, кеш батысымен үйге асығып, шаруаларды атқарып, күнімізді батырып келеміз. Зуылдап өткен күндерімізде табиғаттың нендей күйге түсіп, жойылып жатқанынан бейхабар болатынымыз тағы бар. Мамандардың пікірінше, ауадағы зиянды заттардың шамадан тыс артуы жиілеген. Мегаполисте көліктердің көптігі, қаланың географиялық орналасуы да ауаның алмасуына кедергі келтіріп жатқанын хабарлауда. Олардың сөзінше жеке сектордың көгілдір отынға көшпеуі де мәселені ушықтырып отыр. Әсіресе, Екінші жылу электр орталығынан ауаға тарайтын зиянды қалдықтардың үлесі басым.

Осы ретте қалада күнделікті қатынайтын кейбір жүк көліктерінің шамадан тыс зиян келтіріп, қара түтінді будақтап, көзімізге, тыныс жолымызға зиян келтіретінін көріп жатамыз. Әрине, олардың да несін түсінуге болады, күн-көрістің қамымен көліктерінің қалай ескіріп жатқанын байқамайды. Байқаса да, қаражаттың жетіспеушілігі сынды мәселелерден көліктерін жаңартуды мүлдем естен шығарып алады. Алайда, қаражаттың кесірінен тылсым табиғатымызға зиян келтіру ақымақтық екендігін ұғыну қажет деп санаймын.

Елімізде эпидемиологиялық жағдай ұшығып, халықтың басым көпшілігі үйлерінде отыруды міндеттегені әлі есімде. Сол кездерде жолдар жабылып, бекеттер қойылған болатын. Қала тып-тыныш адамдарсыз жана өмірін бастаған еді. Аспан ашылып, шөптер өсіп, көлдер тазарып, тіпті асфальттың бетін қақ жарып гүлдердің өскенін де көрдік. Әрине, бұл бейсені көзбен көру бақыты бұйырмады, оны тек отандық арналардан ғана тамашалай алдық.

Сондай-ақ, қаладағы 16 бекеттің нәтижесін саралаған мамандар соңғы уақытта көрсеткіштердің белгіленген мөлшерден асып кеткенін айтып, дабыл қағуда. Әсіресе, ауадағы күкірт тотығының орташа тәуліктік шоғырлануы қалыпты нормадан көп дейді мамандар.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша стационарлық көздерден шығарылатын жалпы шығарындылардың көлемі 2015 жылы – 39,1 мың тонна, 2016 жылы – 38,8 мың тонна, 2017 жылы – 41,1 мың тонна, 2018 жылы – 43,0 мың тонна, 2019 жылы – 46,1 мың тонна, 2020 жылы – 44,5 мың тонна, 2021 жылы – 40,8 мың тонна болған деседі.

Алматы қаласында тіркелген автокөліктер: (жеңіл, жүк көліктері, автобустар, арнайы) бензинмен – 447 508 бірлік, дизельдік отынмен – 43 837 бірлік, газбен – 1460 бірлік, аралас – 17 120 бірлік, электрмен – 140 бірлік жүретіндігі анықталған.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕКЕТТЕР

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XVIII сессиясы өтіп, онда депутаттар Алматы қаласының көлік инфрақұрылымын дамыту жоспарының жобасын қабылдады. Жоспарда Қалқаман стансасынан Барлық базарына Алтын Ордаға дейін ұзындығы 5,2 шақырым болатын бірінші метро желісінің үшінші кезегінің құрылысы қарастырылған.

ЕВРО-5 экологиялық таза отынға көшу, қаланың автобус паркін жаңарту, осылайша 352 автобус сығымдалған газбен (CNG), ал дизельді автобустардың 5-ші буын – 1668 бірлік, сонымен қатар 160 заманауи энергия үнемдейтін троллейбустар және 14 электр автобустары 100 бірлік халыққа қызмет көрсету үшін «Эко-Такси» жеке тасымалдаушысына берілді. Қала әкімдігі газды пайдаланатын автобус парктерін одан әрі жаңарту немесе электрлі автобустарға көшу міндетін алға қойып отыр.

Қалаға кіреберісте автокөліктерден шығатын зиянды түтінді бақылайтын 10 стационарлық экологиялық посттар



ұйымдастырылып, жұмыс істейді. Шымбұлақ трассасына көліктердің кіруіне шектеу қойылды және Медеу–Шымбұлақ автобустары мен жолаушылар бағыты газ отынымен жүретін таксилер мен шағын автобустармен ұйымдастырылған.

ҚАЛДЫҚТАР ДА КӘДЕГЕ ЖАРАЙДЫ

Қалалық полиция департаментінің мәліметінше, Алматыда тіркелген 553 мың автокөліктің 50 пайызы ескірген. Оған төменгі аудандардың әлі де көмір тұтынып отырғанын қосыңыз. Ал жылу электр орталығынан ауаға тарайтын зиянды қалдықтар тіпті орасан. Тығырықтан шығар жол бар дейді отандық ғалымдар. Д.В.Сокольский атындағы жанармай, каталлиз және электрохимия институты ірі өндіріс ошақтары мен автокөліктерге арналған улы қалдықтарды бейтараптан-дыратын сүзгі ойлап тапқан.

«Институт ғалымдары көмірді қолданатын кәсіпорындарға зиянды қалдықтарды толығымен тазартуға мүмкіндік беретін сүзгілерді орнатуды ұсынады. Есесіне, жылу электр орталығы жыл сайын ауаға шығаратын сол 42 мың тоннаны пайдалы өнімге айналдыруға болады. Мәселен, қалдықтардан қала құрылысына қажетті 160 тонна гипс алуға болады. Бұл сүзгілер жылу орталығын көмірден көгілдір отынға ауыстыруға қарағанда әлдеқайда арзана түседі», – Д.В.Сокольский атындағы ЖКЭ институты бас директорының орынбасары Болатбек Хусаин.


Ластаушы заттардың шығарындыларын азайту мақсатында Алматы ЖЭО-1 жұмысының 99,2%-ы газға толықтай көшірілген.

2-ЖЭО-ны жаңғыртудың қоршаған ортаға әсерін барынша азайтумен газға көшу техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Техникалық-экономикалық негіздеме тапсырыс беруші «Алматы электр станциялары» АҚ-на бекітуге ұсынылды.

Жалпы, қаладағы «Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС-не қарасты 86 қазандықтың 85-і газдандырылған, 1-еуі электр қуатымен, 1-еуі көмірмен жұмыс істейді. Сонымен қатар, 49 қазандық білім беру ұйымдарында мектептер, балабақшалар, 14 қазандық негізінен қосылған аумақтарда газ және резервтік дизель отынымен жұмыс істейтін денсаулық сақтау нысандары емханалар, перзентхана болып табылады.

Жеке тұрғын үйлерден ауаның ластануын барынша азайту үшін тұрғын үй секторын газдандыру жалғасуда. Бүгінде қала тұрғындарының 99 пайызы газбен қамтылған. Бүгінгі таңда Алматы қаласындағы саяжай аумағында 1646 газдандырылмаған тұрғын үй және 1763 үй бар.

Алматы – әлемдегі экологиясы ең қауіпті жүз қаланың қатарында. Бір қала тұрғынына шаққанда абаттандырылған көгалдандыру көлемі – 8,2 м² болуы шарт. Бірақ бұл көрсеткіш бойынша да мегаполис бірқатар қалалардан айтарлықтай артта қалып отыр. Бүгінде алып шаһарда 2,5 миллионнан астам ағаш болса, соның 54 мыңы апатты жағдайда және ауруға шалдыққан. Табиғат жанаушыларды жасыл желектерді отағанды дереу тоқтатпаса, ауада қалқып жүрген зиянды заттармен күресу екіталай екенін айтады. Өйткені, ағаштар көмір қышқыл газын бойына сіңіріп, орнына оттегін бөледі. Сол себептен, өз қолымызбен ағаш отырғызып, гүлдер егіп, айналамызды құлпыртар болсақ ауамызда тазарып, ластанудың алдын алар едік деген ойға келеміз.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәліс ЕЛЕУСІЗОВ,
эколог, табиғат жанаушыры:

Ағаштарды кесуге болмайды

Кеңес Одағы кезінде Алматының экологиялық ахуалына зерттеу жүргізілді. Сол зерттеу қорытындысында қала халқының санын 700 мыңнан асырмауға кеңес берілді. Өйткені, Алматы сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан. Егер жойқын жер сілкінісі бола қалса, ғимараттар қирап, мыңдаған адам шығыны болары сөзсіз. Бірақ мұны елестеріп жатқан ешкім жоқ. Қазір халық саны 2 миллионнан асады, қала бұдан әрі өсе береді. Биік ғимараттар салынып, құрылыс үшін қаниама ағаш кесіліп жатыр. Қазір зиянды қалдықтарды жұтып, бізді сақтап тұрған – осы ағаштар.

Айымгүл КЕРІМПАЙ,
эколог-зерттеуші:

Үздік әдістерді пайдалану қажет

Алматыда жасалатын мониторингтің ағымдағы жүйелері ластанған ауаның жаппай шоғырлануын ғана өлшейді. Алдағы уақытта біз PM2,5 бөлшектерін сынамаға алып, олардың химиялық құрамын талдауды жоспарлап отырмыз. Бұл ұсақ бөлшектерді зерттеу өте маңызды. Себебі, олар өкпеге терең түседі, қанға еніп, ағзаға кері әсер етеді. PM2,5 бөлшектерінің тәуліктік шекті дозасы өкпенің қатерлі ісігі, тыныс жолдары аурулары, жүректегі ишемиялық ауруы, инсульт және басқа аурулардан мезгілсіз қайтыс болу қаупін арттырады.

Ластанған ауа ең бірінші кезекте балалар мен қарт адамдар үшін өте қауіпті. Біз бұл бөлшектерді жинап, арнайы құралдар арқылы зерттейміз. Яғни PM2,5-ті ауаға ең көп мөлшерде көліктер, жекеменшік үйлер немесе 2-ЖЭО-ның қайсысы таратып отырғанын анықтаймыз. Ол үшін бізге ғылыми-химиялық зертхана қажет. Әзірге Қазақстанда мұндай зерттеуді ешкім жасамады.





МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Бір кездердегі ұстаздарымыздың елеусіз еңбегі мен қазіргі көрсетіліп жатқан құрметті тіпті де салыстыруға келмейді. Сонау тоқырау жылдары мектепке қажетті құрал-жабдыққа толы сөмкесін алабажақ дорбаға айырбастаған қаншама ұстаздарымыз базар жағалап кетіп еді.



ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ

Талай талантты, білімді мамандардың орны ойсырап, жоғы білініп тұрғаны да жасырын емес. Дегенмен, сол жолдан нәпақасын тауып, кәдімгі кәсіпкер атанғандары да, мамандыққа деген махаббаты жеңіп, мектепке оралғандары да бар. Мемлекетіміздің әл-ауқаты артқан тұста, білім саласының да тамырына қан жүгіріп, ұстаздарымызға қолдау көрсетіле бастады.

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесі 500 мыңға жуық ұстаздар еңбек ететін үлкен салаға айналып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент болып сайланғаннан бастап, білім жүйесіне баса назар аударып, мұғалімдерді қолдау үшін барлық шараны қабылдауды тапсырған еді. Осылайша 2019 жылы елімізде көптен күткен «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Заң аясында мұғалімдерді шамадан тыс есеп беруден, артық жұмыстарға тартудан, міндетіне жатпайтын функциялардан босатуға барлық жағдай жасалды. Бұған қоса, біліктілік санаты, магистратура, сынып жетекшілігі, дәптер тексергені және т.б. үшін әр-

● КЕРЕК ДЕРЕК

Елімізде 6,1 млн-нан астам бала бар екен. Олардың 3,4 миллионы мектепте оқиды. Сонымен қатар, 914 мың бала мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған.

түрлі қосымша төлемдер енгізіліп, олардың көлемі ұлғайтылды. Бұрын жауыр болған мұғалімнің мардымсыз жалақысы туралы енді айтылмайтын болды. Білімнің дамуына жасалған жағдайдың, Мемлекет басшысының шешімдерінің арқасында мұғалімдердің жалақысы бірнеше жылдан бері жыл сайын 25%-ға көтеріліп келеді.

Сонымен қатар, биылдан бастап 25 жылдан астам еңбек еткен барлық ұстаздарға арнайы марапат тағайындала бастады. Сөз жоқ, бұл марапат өз ісіне осынша жыл адал қызмет

еткен мамандардың ерекше құрмет пен қолдауға лайық екенін білдірсе керек.

Бұған қоса, 30 жылдан астам педагогикалық тәжірибесі бар мұғалімдер санаттар мен ай сайынғы қосымша төлем алу үшін тапсыратын тестілеуден де босатылды.

Ағымдағы жылдың жаңа оқу жылынан бастап, еліміздің мектептерінің көпшілігі бес күндік оқу аптасына ауысты. Министрліктің мұндай қадамға баруы мұғалімдердің сенбіні де қосымша демалыс күні ретінде пайдалануына мүмкіндік беріп отыр. Ендігі жерде мұғалімдер өз отбастарына, ағайын-туыстарына көбірек көңіл бөлетін болады. Келесі жылдың қаңтар айынан бастап мектеп, колледж және қосымша білім беру ұйымдарындағы барлық педагогтардың жалақысы тағы 25%-ға өсетін болды.

Сондай-ақ, келесі жылы ел Президентінің тапсырмасы бойынша мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің де жалақысы көтерілгелі отыр. Мемлекет бұл бағыттағы жұмысты тоқтатпай, бұдан да басқа қолайлы жағдай жасауды жалғастыра беретін болады.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ КЕЛДІ

«Ақшамды» оқығым келеді

Мен Алматының байырғы тұрғынымын. Бұрын Алатау ауданында ұзақ жыл тұрдым. Қазір енді Жетісу ауданына қарасты «Айнабұлақ-3» ықшамауданындағы №123 үйде тұрып жатырмын. Қазан айының басынан бері үйдегі телефоным өшіп қалды. Неге екенін біле алмай далмын. Оның үстіне төлемақысын да дер кезінде уақытылы төлеп отыратын адаммын.



Тағы бір мазалаған мәселе — көптен бері үйімдегі ыстық су да тоқтап тұр. Өздігімнен тетігін бұрасам, ыстық су тура көкке шаншылып, атқылай жөнеледі. Өткен жолы арнайы маманға жүгінейін деп, ПИК-ті іздеп бардым. Сыртында «Қаратал» КСК деген жазуы бар мекеменің қызметкері «сантехникті жіберемін, күтіңіз» деген соң үйден шықпай әлі күтумен отырмын. Қанша күн өтті, еш хабар жоқ. Осылай да жауапсыздық танытуға бола ма? Күн салқында суық сумен жуынудың қаншалықты қиын

екенін өзіңіз де білесіз. Кезінде ұзақ жылдар бойы пошта тасушы болып еңбек еттім.

Тіпті, алғашқы шыққан «Ақшамды» да мен тасыған едім. Мен туралы кезінде марқұм Құттыбек Аймахан жазды да. «Етікіш бізге жарымас» демекші, енді келіп, үш айдан бері сол өзімнің зейнетақыма жазылған «Ақшамыма» қолым жетпей қалды. Пошта тасушының кінәсі ме, әлде басқа мәселе ме екен, біле алмай отырған жәйім бар. Бұған жауапты кім бар екен?

Нұржауар ЖАҚАЕВА,
тұрақты оқырман.

● ҰСТАЗ – АТА-АНА – ОҚУШЫ

ҰЛТ ЕРТЕҢІ – ҰРПАҚ ҚОЛЫНДА

Қоғамда Әділетті Қазақстан құру ісі басталып кетті. Мемлекет басшысы өз Жолдауында білім беру жүйесінің сапасын арттыру маңызды екенін баса айтып, барынша назарға алып отыр. Жастарға кең қолдау көрсету мемлекетіміздің басты міндетінің бірі болғандықтан, қалалық әкімшілік «Ел жастары» атты балалар мен жастарды тәрбиелеудің Алматы аймақтық бағдарламасын бастады.

Қаламыздағы Нұрәулет Серікұлы бастылық етіп отырған №142 жалпы білім беретін мектепте осы бағдарлама аясында «Қыз өссе, елдің көркі» атты сырласу сағаты өтті. Оған аталмыш мектепте оқитын барлық сыныптың қыз балалары қатысты. Тәрбиелік мәні зор сырласу сағатын 11-сынып жетекшісі Айша апай өзінің көптен бері ішкі жан-дүниесінің тыншымай жүргенімен бастады.

Айтуынша, сыныптағы 28 оқушының 13-і қыз бала екен. Соңғы кездері бала күннен бірге өскен Жанар мен Айманның арақатынасы суып, достықтарына сызат түссе керек. Оңашада жеке-жеке сөйлесіп көрсе де, екі құрбының достығы бұрынғыдай болмағанын байқап, алаңдай бастаған. Ұзақ жылғы тәжірибесіне сүйенген ұстаздың пікірінше, бұл арада мәселенің төркіні тереңде сияқты. Неден бастау керек?



Назым АХМЕТҚАНОВА,
Түркісіб аудандық ПБ ювенальді-полиция басшысы, полиция майоры:

— Қазіргі қоғамда кәмелетке толмаған жасөспірімдердің мәселесі өте алаңдатушылық туғызып отыр. Олай дейтін себебіміз, олар көп жағдайда албырттық кезеңнің жетегімен жүріп, аңдамай қалулары мүмкін.

Мәселен, біздің аудандағы жастар жасаған 20 қылмыстың шамамен 16-сы қыз балалардың қолымен жасалған. Көп қылмыс ұялы телефонның көмегімен жасалған. Яғни түрлі сайттарға кіріп, алданып жатады. Сондықтан ата-аналар бір мезгіл балаларының телефон арқылы немен айналысып отырғанын байқаса дер едім. Көбі-

не ата-аналар баланы мектепке жіберіп, өздері жұмыста жүреді. Үйдегі баланың бір басқа, түздегі баланың тіпті басқа екеніне мән бере бермейді.

Өттең-айы, бала өмірінде ата-ананың ролі зор екенін көбі түсіне бермейді. Жасалған ауыр қылмысқа сай балалар 14 жастан, әкімшілік жазаға 16 жастан тартыла бастайды. Сөз жоқ, ең алдымен, балаға тәрбие беретін оның отбасы. Ата-ана көбіне мектептен талап етіп жатады. Ең алдымен, өзінің міндетін білуі керек.

Ардақ САРЫБАЕВА,
психолог:

— Ертеден келе жатқан тәмсілдерге сүйенсек, қыз баланың жүріс-тұрысы, сөйле-

ген сөзі, күлген күлкісі тұнып тұрған сөз. Халқымыз «Қыздың жолы жіңішке» дейді. «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөздің өзі көп мәселені аңғартса керек. Қыз баланың жан-дүниесі бүлінсе, жанына жара түседі. Сондықтан қыз бала қашан да өзін айна сияқты сезінуі керек. Айна шытынамай, оған орта жолда сызат түспеуі керек. Қыз баланың ақылшысы да, камкоршысы да — анасы. Сондықтан ақыл сұрарда, ішкі дүниенізде, ағзаңызда өзгеріс болып жатса, еш қорықпай, аналарыңызға айтыңыздар.

Айжан ИМАНБАЕВА,
психолог:

— Қыз баланың тағдыры ешкімді бейжай қалдырмауы керек. Оның ертеңгі өмірі бүгіннен басталады. Бұл арада отбасында ана мен қызы арасында сыйластық, түсінушілік болса дер едім. Аналарымыз да жұмысбасты болмай қыздарының тәрбиесіне көбірек көңіл бөлсе, қоғамдағы көптеген келеңсіздіктердің алдын алар едік.

Жасыратыны жоқ, көптеген жас аналарымыз баланы жұбату үшін ұялы телефонын бере салады. Қыз бала анасына қарап бой түзейді. Тіпті, кейбір ата-аналар «Мен ақша тауып жатырмын. Тамағы мен киімін әперсем болды емес пе?» деп, жауапкершілікті тұрмыстық тіршілікпен алмастырып жатады. Баланың бойындағы эмоциясын шығару үшін қандай да бір жақын адамы болуы керек емес пе?


Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ТІРКЕЛГЕНСІЗ БЕ?

Қалада ресми тіркеусіз тұру фактілері жиілеген



Күз басталғалы қалада тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркеу мәселесі күн тәртібіне шықты. Алда келе жатқан маңызды науқан – Президент сайлауына байланысты бұл мәселе, тіпті, өзекті бола түсті.

Үлкен қалада, әсіресе, Алматыда еңбек етіп немесе білім қуып жүрген тұрғындар тұрғылықты мекенжай бойынша уақытша тіркеуде бар ма? Тіркеусіз жүрудің салдары қандай? Жұмыс орны тіркеуде тұруды талап еткен жағдайда не істемек керек?

Қазір қала халқының саны артууда. Өртүрлі себеппен ағылып келіп жатқан халықтың дені пәтер жалдап тұрады. Пәтер жалдаушылар уақытша тұрғын болып саналмайды. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 23-бабының 3-1-тармағы пәтер иесін немесе жалға берушіні жалға беріліп отырған тұрғынжайда тұратын адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуге міндеттейді.

Елімізде 2011 жылы қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» Заң бар. Сол жылдан бері онда 51-баптың 2-тармағында ішкі көшіп-қонушылар, яғни елдің басқа аймағынан екінші аймағына өз еркімен қоныс аударатын азаматтар тіркелуі тиіс делінген. Жалпында ҚР ІІМ өкілдері тұрғылықты жері бойынша тіркелмегені үшін айыппұл бар екенін мәлімдеді. Себебі, соңғы уақытта ресми тіркеусіз тұру фактілері жиілеп кеткен.

Занда әрбір азамат жеке тұрғын үй болсын, жалға берілетін немесе тұрақты тұратын басқа тұрғын үй болсын, өзі тұратын жерде тіркелуі керек екені көрсетілген. Әйтпесе, тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеуі жоқ адамдарға кейбір мемлекеттік қызметтерді пайдалану кезінде шектеулер қолданылады. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеусіз тұрғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 492-бабында 7 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға дейін жауапкершілік көзделген. Бүгінгі күні ол 21 мыңнан астам теңгені құрайды.

Осыған орай, мамандар барлық азаматты заңға бағынуға шақырады. Уақытша тіркелген меншік иесі сізді тіркеуден шығарып тастаған жоқ па, үнемі тексеріп отырғаныңыз абзал. Бұл басқа қаладан келген студенттерге де қатысты. Олар оқу орнында тіркелу керек. Көші-қон заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда жауапкершілікке тарту барын ескертіп келеді.

Кейбір заңгерлер «бұл ереже адам құқығын бұзып, еркін жүріп-тұруын шектейді» деген пікірде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Гүлзат МЕРГЕНӘЛІҚЫЗЫ, заңгер:

– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 492-бабында 1-бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы азаматтарының күнтізбелік он күннен бір айға дейінгі мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша, уақытша болатын тұратын жері бойынша тіркеусіз жүрсе, ескерту жасауға әкеп соғады. Ал азаматтардың тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеусіз тұрғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 492-бабында 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға дейінгі жауапкершілік көзделген, 2022 жылы 1 айлық есептік көрсеткіш 3063 теңге болды.

Осы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет үшін он үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. ІАЕК 3063 теңге он үш айлық есептік көрсеткіш 39819

ТҮЙІН

Тіркелудің қарапайым әдістері бар. Біріншіден, ХҚКО-ның кез келген бөлімшесіне жеке куәлікпен бару, сондай-ақ сол жерде келісім беру үшін тұрғын үй иесінің қатысуы жеткілікті. Екіншіден, азамат тұрғылықты жері бойынша «электрондық үкіметтің» интернет-порталы арқылы тіркеуге өтініш бере алады. Ал үйдің иесі eGov порталы арқылы да келісім бере алады. Үшіншіден, «Халық банкімен» бірге Appstore мен PlayMarket арқылы жүктеуге болатын банктің мобильді қосымшасында жеке басын растау, тіркеу және иесінің келісімі SMS-пароль арқылы жүзеге асырылады. Тіркеу процедурасы шамамен 1 минутты алады.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Елімізде тұрғылықты жер бойынша тіркелудің 2 әдісі бар. Тұрғындар Халыққа қызмет көрсету орталығы және eGov.kz сайты арқылы тіркеле алады.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ МЫНАЛАР:

- жеке куәлік, 14 жасқа дейінгі балаларға туу туралы куәлік;
- тұрғын үй иесінің жеке куәлігі;
- меншік иесінің тұрақты немесе уақытша тіркеуге жазбаша немесе электрондық келісімі. ХҚКО-да меншік иесінің болуы міндетті.
- Портал арқылы тіркелу кезінде пәтер иесі келісімге ЭЦҚ-мен қол қоюы тиіс;
- Қызметтік ғимараттарда тіркеу кезінде әкімшілік тарапынан жұмыс орнында тіркеу туралы өтініші керек.
- Тұрғылықты жерге eGov.kz арқылы тіркелу үшін міндетті түрде ЭЦҚ кілті болуы керек.

теңге болады, екінші рет қайталаған жағдайда және Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның күнтізбелік он күннен астам мерзімде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз, не тұруға ықтиярхатсыз немесе азаматтығы жоқ адам куәлігінсіз, не тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адам куәлігі жарамсыз болып тұрақты тұруы, сондай-ақ, ішкі істер органдарын құжаттың, тұруға ықтиярхаттың не азаматтығы жоқ адам куәлігінің жоғалғаны туралы уақытылы хабардар етпеуі он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (30630 теңге мөлшерінде) айыппұл салынады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ол 61260 теңге болады. Осындай айыппұл төлемес үшін тіркеуден шығарып тастаған жоқ па, үнемі тексеріп отырған жөн. Тіркелген жеріңізді қараңыз. Егер сіз тұрғылықты жеріңізді өзгерткен болсаңыз, онда сіз жаңа тұрғылықты мекенжайға тіркелуіңіз керек. Бұл басқа қаладан келген студенттерге де қатысты. Сіз өзіңіздің оқу орныңызға тіркелуіңіз керек. Мұны мүмкіндігінше тез арада жасаған абзал.

ПОЛИЦИЯ



ТЕКСЕРІС НӘТИЖЕСІ

Алматыда пробация бақылауынан жасырынған адам бас бостандығынан айырылды

Алматы қаласында 3 мыңға жуық сотталған адам пробациялық бақылауға алынған. Республика бойынша өткізіліп жатқан «Учаске» алдын алу іс-шарасы барысында пробация бақылауындағы сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша жаппай тексеру жүргізілуде.

«Тексеріс барысында Бостандық аудандық пробация қызметінің инспекторлары Бостандық аудандық полиция басқармасы ЖПҚ учаскелік инспекторы Д.Қуандықпен бірге Б. есімді сотталғанның жасырынып жүрген жерін анықтады. Алматы қаласы Бостандық ауданындағы №2 соттың қаулысымен оның бас бостандығын шектеу жазасы бас бостандығын айыру жазасына ауыстырылды», – деді Алматы қаласы Бостандық ауданы пробация қызметінің инспекторы А.Айкенова.

Сотталған Б. ұрлық жасағаны үшін Қылмыстық кодекстің 188-бабы (ұрлық) бойынша 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасына кесілген. Пробациялық бақылау тәртібіне бағынбаған қашқын енді жазасын қауіпсіздігі орташа мекемеде өтейтін болады.

ҚЫЛМЫС

ЖАЗАСЫН ӨТЕЙДІ



Қаладағы ақылы автотұрақтардың экс-басшыларын қамауда ұстау мерзімі ұзартылды.

Қаладағы ақылы автотұрақтар «Алматы спецтехпаркинг сервис» ЖШС бұрынғы директоры Марат Принбеков пен «AlanParking» ЖШС бұрынғы бас директоры Мұхтар Базарбаевты қамауда ұстау мерзімі ұзартылды.

«Алматы мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының хабарлауынша, 2022 жылғы 14 қазанда сот қаулысымен тергеу органдарының Принбековке қатысты қамауда ұстау мерзімін 15 қарашаға дейін 7 айға ұзартуға санкция беру туралы өтініші қанағаттандырылды», – деп мәлім етті Алматы қаласы сотының баспасөз қызметі. Сондай-ақ, қаланың

мамандандырылған ауданаралық тергеу соты 2022 жылғы 23 қыркүйекте тергеу органдарының Базарбаевқа қатысты қамауда ұстау мерзімін 7 айға, яғни 26 қазанға дейін ұзартуға санкция беру туралы өтінішін қанағаттандырған.

Айыпталушыларды қамауда ұстау мерзімі бұған дейін де ұзартылған болатын. Еске сала кетейік, «Alan Parking» ЖШС директоры Мұхтар Базарбаев 14 сәуір күні 2 айға қамауға алынды. «Алматы спецтехпаркинг сервис» ЖШС директоры Марат Принбеков те қамауда. Алматыда ақылы автотұрақ жүйесі алғаш рет 2016 жылы енгізілді.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«ТЕМІРБЕТОН» АҚСАҚАЛ

Өндіріс саласында жасампаз көшбасшылар қашан да болған, қазір де бар. Солардың бірі әрі бірегейі – Алматы көпір құрылымдары зауыты. Кез келген өндіріс – бұл инженерлік корпус, жоғары білікті жұмысшылар және міндетті түрде басты тұлға – басқарушы, себебі ол басқаратын кәсіпорынның қаржылық әл-ауқатына дейін барлық тараптары оның дарынына байланысты болмақ. Алысқа барудың қажеті жоқ – Алматыда тұратын Ахметжан Шардиновтың өмір жолы мемлекеттік, жалпыхалықтық маңызы бар нақты жетістіктерге толы.

Қазақстанда темірбетон құрылымдарын шығаратын кәсіпорындар жоқ емес, дегенмен, кезінде Ахметжан Шардинов басқарған және 1990 жылдардағы дағдарыстан ол қайсарлықпен жұмысын жандандырып, өзі көтерген зауыт бүгінде осы саланың іргелі көшбасшысына айналған. Алматы көпір құрылымдары зауытының (АЗМК) өнімдері Қазақстаннан тыс жерлерде де белгілі. Жыл сайын жолайрықтары көбейіп келе жатқан Алматы үшін АЗМК өнімдері өте маңызды және ауадай қажет. Жалпы, жол құрылысы туралы сөз болғанда, бұл тек көпірлер ғана емес, эстакадалар, жолөткелдер – АЗМК жоқ болса, еліміздің бұл

өндіріс саласы шарасыз болып қалар еді.

Ахметжан Шардиновтың өмірбаяны мінсіз және өнегелі. Өндірістік тәжірибе мен өзінің бірегей, «фирмалық» теориялық қорын жинақтай отырып, ол барлық еңбек сатыларынан өтті. Ахметжан Бәкірмұлы басқарушылық талантымен өзін-өзі танытып қана қоймай, инновациялық ізденістерге де жат еместігін дәлелдеді. Біліктілігі мен іскерлігінің арқасында ол өз өнімдерімен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық маңызы бар автомагистралінің құрылысы сияқты ірі халықаралық жобаларда, сондай-ақ «Нұрлы жол», ҰАААЖ бағдарламасы аясындағы жобаларда қалаулы серіктес

болып табылады. Үлкен ұжымды, ірі кәсіпорынды басқарушы тұлға ретінде ол қоғам майданында өзін нәтижелі саясаткер екенін де көрсете білді.

Токсаныншы жылдары ол зауытты күйреуден сақтап қалды. Екі мыңыншы жылдары жасампаз еңбекке жұмылып, Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығының тұңғыш төрағасы болып сайланды. Қазақстан халқының келісімі мен достығын нығайту ісіндегі жалынды және ерен еңбегі жоғары бағаланды – Ахметжан аға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары болып сайланды. Қалалық мәслихаттың депутаты ретінде Ахметжан

Бәкірмұлы Алматының қайта өркендеуіне зор үлес қосты. Қаптаған проблемалар шешімін табуы талап еткен еді: жанар-жағармайдың жетіспеушілігі, жалақы төлеу бойынша қарыздар, мұқтаж жандарға тым болмағанда азық-түлік себеттерін жинауға тура келді. Соның бәрін біздің кейіпкеріміз сияқты тұлғалардың арқасында жеңіп шықты.

Жаркент қаласында аты аңызға айналған, осы өңірдегі алғашқы өрт сөндіру депосын салған әкесі Бәкір Шардинұлы Зайнудиновтың көргенді ұлы Ахметжан Бәкірмұлы өзі де бүгінде өнегелі өмір иесі. Жан жары Клара Тұрсынқызы екеуі 3 ұл, 11 немере тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

Қарапайым еңбек адамынан ірі зауыт басшысына дейінгі тәлімді-тағылымды еңбек жолынан өткен Ахметжан аға биыл 75 жасқа толса да әлі күнге дейін нағыз адами болмыстың иесі. Өзінің ерік-жігерімен, азаматтық парасаттылығымен отбасына –



тірек, шәкірттері мен ізбасарларына – ақылшы, өнеге, туыстары мен әріптестеріне – сүйеніш. Достары, өндіріс бойынша шетелдегі әріптестері, республикамыздағы қоғамдық

саяси жұмысы бойынша әріптестері оны құрметпен және сүйіспеншілікпен, бір жағы әзілдей отырып «темірбетон» ақсақал деп атайды. Кейіпкеріміздің еңбек жолы да, өмір жолы да көпке үлгі.

АЛМАТЫНЫҢ ЖАСТАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі ұрпаққа зор сенім артып, олардың болашағынан үміт күтетінін үнемі қайталаумен келеді. Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухы» съезінде сөйлеген сөзінде «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман мемлекетімізді дамытады. Сондықтан еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Адам қандай кәсіппен айналысса да, оны сапалы атқарғаны маңызды. Ал жастардың нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғанын қуана құптаған жөн. Өйткені, өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», – деп зор сенім жүктенген еді.

Шынында да, бейбіт еліміздің ертеңі де, сол кемел елдің көсегесін көгертетін де бүгінгі жас ұрпақ екені анық. Сондай талантты жастардың бірі, Әділетті Қазақстанда еңбек адамының ең бірінші орында тұратынын жете түсінген болашақ ғалым Шолпан Аманкелді Алматыдағы М.Базарбаев атындағы №138 гимназияның 10-сыныбында оқып жатыр. Құпиясы сан қилы ғылым әлемінің жас шолпанындай жарқ ете қалған Шолпан Аманкелдінің есімі қазір бұл салаға кеңінен таныла бастады. Болашақ жас ғалымның есімі алғаш рет Оқушылар сарайының алаңында өткен өнертапқыштар сайысында белгілі болған еді. Сол жолы талантты жас өнертапқыштың ашқан жаңалығы жұртшылықты елең еткізді. Жас қыздың жаңалығын жылы қабылдаған жұртшылық енді оның болашағынан үлкен үміт күте бастады. Жас өнертапқыш бұл үдеден шыға да білді. Өзі қатысқан талай мәрте қалалық, республикалық ғылыми жұмыстар конкурсының жеңімпазы атанды.

Қазіргі таңда Шолпан Аманкелді өзінің педагогі Владимир Райспен бірге 3D прототиптеу зертханасында практикалық электроникамен айналысып, ғылымның құпиясына бойлау үстінде. Ағымдағы жылдың наурыз айында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Оқушылар сарайының талантты балаларына зор қолдау көрсетіп, олардың ғылым мен техниканы жетік меңгеруіне айқара жол ашып, мол мүмкіндік жасады. Бүгінде сол ғылыми-техникалық шығармашылықтың жаңа алаңы ғылым мен техникаға әуес балалардың жиі бас қосатын, сүйікті орнына айналып отыр. Дәл сол алаңда Оқушылар сарайының қосымша білім беру мұғалімі Владимир Райс сынды білікті мамандар оқушыларды Arduino контроллерімен және оның электронды компоненттерімен жұмыс істеуге баулып, жан-жақты білім беріп жатыр.

Білікті ұстаздың айтуынша, үйірге келген күні-ақ Шолпан бірден осы контроллер орындайтын міндеттердің практикалық

шешімдеріне қызығушылық таныта бастаса керек. Ал осы жылдың сәуір айының соңында балалар «Космонавтика зертханасының» жетекшісі Данияр Зилғариновпен бірлесіп, алғашқы басқарылатын зымырандарды ұшыра бастаған екен. Бұл, әрине, балаларға космонавтика саласында алғашқы практикалық зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік беріп

отыр. Осы салаға деген қызығушылығы ерекше Шолпан «Спутниктік құрылыс» тақырыбымен және жердің стратосферасына шағын орбитаға шығарылатын наноспутниктердің көмегімен ел экономикасы үшін қолданбалы мәселелерді шешуге ден қойып, өз зерттеуін бастады.

Бұл ретте Шолпан Аманкелді осындай спутникті құрастыруға, сондай-ақ газдар мен олардан бөлінетін зиянды бөлшектердің болуы үшін жердің ауа қабаттарын зерттеуге мүмкіндік беретін жобаны жасауға кірісті. Сонымен қатар, жерді қашықтықтан зондтаудың басқа да міндеттері туындай бастады. Сондықтан бұл жаңалықтар ғылыми сарапшылар қауымдастығының бағалауын қажет етіп отыр. Жақында Шолпан «Тұран» университетінде жастар арасында өткен MILSET Expo-sciences Vostok-2022 халықаралық көрмесіне қатысты. Сарапшылар оның «Кубсат» жобасына жоғары баға беріп, үздік деп таныды.

Сәтін салса, енді аз уақытта Шолпан өзі ашқан жаңалықтың иегері атанып, патентке ие болатын болады. Бұл ретте Халықаралық сарапшылар тарапынан стратосферадағы деректерді жинайтын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен қала құрылысы үшін өзекті геоақпараттық деректерді алатын құрылғы жобасында жұмысты жалғастыру үшін практикалық ұсыныстардың жасалып жатқаны да тегін емес. Шолпанның ғылыми жетекшісі, Оқушылар сарайы директорының орынбасары Валерий Никифоровтың айтуынша, «Кубсат» жобасы өз кезегінде Қазақстанның қазіргі заманғы экономикасының проблемаларын шешуге көмектесетін болады.

Сәтін салса, Шолпан Индонезия Республикасының Бали аралында өтетін «Indonesian invention and innovation promotion association» ғылыми форумына қатысқалы отыр. Осы сапарда Шолпан Аманкелді жеңіске жетіп, өзінің қажымас мүдделерін тек космонавтика саласында ғана емес, зерттеулерін одан әрі дамыта берсе екен деп тілеймін, – дейді Шолпанның ғылыми жетекшісі.

НАНОСПУТНИК
жер сілкінісін болжайды

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



– Робот құрастыру үшін ең алдымен физика, математика, химия, биология сияқты пәндерден үздік білімнің болғаны қажет. Сонымен қатар, сағаттап отыру үшін төзімділік те керек дер едім. Менің қолға алып отырған басты жобам, негізінен, нақты ғарыш аппаратын әзірлеудің кезеңдерін зерделеу арқылы қазіргі заманғы инженерлік құзыреттілік пен дағдыларды дамытуға арналған. Venus-SAT.kz -кіші ғарыш аппараттарының, наноспутниктердің класына жататын төмен орбиталық ғарыш спутнигі. Менің спутникті жасағандағы басты мақсатым – Қазақстанның бірқатар өңірлерінде құрғақшылық салдарынан шөлейт жерлердің ауданы ұлғайып келеді. Сондықтан наноспутникті пайдаланып, құрғақ аймақтарда жасанды бұлт арқылы осы мәселені шешуге аз да болса

көмектесем деймін. Оған қоса, наноспутник арқылы озон қабатының жасадайын, астрономиялық, жерге жақын кеңістіктегі қозғалыстарды да зерттеуге болады.

Сонымен қатар, наноспутник электр және магнит өрістері, жер сілкінісінің болжамы және т.б. жердегі құрылғылардан сыртқы басқару сигналдарын қабылдайды. Әрі олардың орталық басқару органы бола отырып, борттық жүйелердің жұмысын да үйлестіреді. Жалпы, оның ішкі жүйелері қозғалысты басқарады, қозғалтқыш жүйелерін және басқа қондырғыларды реттейді.

Болашақта CubeSat стандартты платформасын мектеп оқушылары мен студенттер ғарышта ғылыми және білім беру эксперименттерін жүргізу үшін пайдаланатын болады. Ұшыру кезінде спутникті бақылау, яғни Байқоңыр ғарыш айлағынан деректерді бақылау да жоспарда бар, – дейді қазақстандық жас өнертапқыш Шолпан АМАНКЕЛДІ.



ТАНЫМ

КӨШЕ АТЫ КІМГЕ БЕРІЛГЕН?

Алып қала Алматыда үлкенді-кішілі көше көп. Оның біразында күнделікті күйбелеңмен жүріп өткенімізбен, көбіне үй қабырғаларында, көшелер қиылысында тұратын оның атауына мән бере бермейміз. Сондықтан газетіміздің дәстүрлі айдарын жалғастырып, Алматы көшелеріне аты берілген тұлғалардың тағы бір тобын өздеріңізге таныстырайық, қадірлі оқырман.

Өтеген батыр



Өуезов ауданында орналасқан ірі көшелердің бірі – Өтеген батыр көшесі. Ол Райымбек даңғылынан басталып, Шалыпин көшесіне дейінгі аралықта созылып жатыр. Ұзындығы – 2500 метр. Көше аты жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақ батыры, қолбасшы – Өтеген Өтеғұлұлы немесе Мүйізді Өтегеннің құрметіне қойылған. Ол 1699 жылы Шу өзенінің бойындағы Изенді өңірінде дүниеге келген. Бүгінде аты аңызға айналған батыр Ұлы жүздің дулат тайпасының жаныс руынан шыққан. Сырымбет бабасы жоңғардың көп қолын аз әскермен ойсырата жеңген Салқам Жәңгір ханның сапында ұрысқан.

Өтеген батыр 15 жасынан әскери іске араласып, ел ертені үшін күрескен. Қазақстанның Шығыс және Оңтүстік-Шығыс аймақтарын басқыншылардан азат етуге зор үлес қосқан. Қазақ тарихындағы ең айтулы ұрыстардың бірі Аңырақай шайқасына қатысқан, Түркістан, Ташкент маңындағы кескілескен ұрыстарда алдыңғы шепте болған. Сондай-ақ, ел аузындағы аңыздарға сүйенсек, қалмақтың Бөтхишар, Сабан Тайшық секілді аты шулы батырларын жекпе-жекте жеңіп, қазақ әскерінің даңқты қолбасшыларының біріне айналған. Оған қоса Төле бидің, Абылай ханның серігі болған.

Сапар Байжанов

Медеу ауданындағы көшелердің біріне Сапар Байжановтың аты берілген. Сапар Байжанов – көрнекті қазақ жазушысы, журналист, филология ғылымының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы Шайқорық ауылында 1930 жылы 19 ақпан күні дүниеге келген. 1952 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (бүгінгі ҚазҰУ) Журналистика факультетін бітірген.

Әр жылдары ел ішіндегі ең беделді басылымдарда жұмыс істеген. Атап айтқанда, 1950–1958 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің әдеби қызметкері, жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушісі, редактордың орынбасары болған. Ал 1958–1965 жылдары «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналының жауапты хатшысы, редактордың орынбасары, Бас редакторы болып жұмыс істеді. 1973 жылы «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жиырма сегінші бас редакторы қызметіне келіп, 1983 жылға дейін он жыл аянбай тер төкті.

«Жаңа леп» жинағы, «Құрыш зергері», «Сыр мен сымбат», «Ақ



маржан», «Сұңқар көңіл самғайды», «Үш қиян – үш даңғыл», «Бес қиян – бес дәптер» сынды кітаптары «Замандас туралы толғау», «Абай және архив», «Қажыға барған қазақтар», «Архив-айғақ», «Өткеннен мұрағат – өркенге ұлағат» тәрізді ғылыми-зерттеулері бар.

Сапар Байжанов «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Сондай-ақ, жазушы-журналист ағамыздың аты Алматы қаласындағы №162 мектепке берілген.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА

ӘРБІР БЕСІНШІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ шылым шегеді




Ересек халықтың темекі тұтынуы бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу нәтижелері респонденттердің 20,4% темекі тартады (темекі тартпайтындар – 79,6%), барлық ер адамның 38,4%, (темекі тартпайтындар – 61,6%), ал әйелдердің 8,4% темекі өнімдерін тұтынады (темекі тартпайтындар – 91,6%) деп көрсеткен.

Темекіні тарту жиілігі бойынша халықтың бөлінісі келесідей: респонденттердің 16,6% темекіні күн сайын тартады, анда-санда тартағындар – 3,8%.

Үйлерінде темекі түтінінің әсеріне ұшырайтын респонденттердің үлесі – 12,8%, жұмыста – 8,1%, қоғамдық тамақтану орындарында – 10,5%, олардың басым көпшілігі (93% астамы) темекі тартпайтын адамдар.

Өңірлер арасында темекі өнімдерін



тұтынатындардың ең көп үлесі Қарағанды (25,4%), Павлодар және Жамбыл облыстарында (24,6%) тіркелді.

Темекі тарту ауыр ауруларды тудырады деп санайтын респонденттердің үлесі 85,5%-ды құрайды.

Қоғамдық орындарда темекі тартуға тыйым салу туралы заңнаманың қолданылуын қолдайтындар – 67,7%.

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы темекі тартағын респонденттердің үлесі 18–28 жас және 60 (63) жас және одан жоғары жас топтарында өсті, қалған жас топтарында төмендеді.

• **Ұлттық статистика бюросы 2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша елдегі ересек халықтың темекі тұтынуы бойынша зерттеу жүргізеді. Оның мақсаты – темекіні тұтыну, пассивті темекі тарту және темекіні тастауға деген ын-та-жігердің болуы жайында бағалау деректерін алу, сондай-ақ темекі тұтыну-ды бақылау мен оның ал-дын алу.**

Сауалнама жүргізу үшін тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу желісі қолданылады. Деректерді жинау респонденттердің сұрақнамаларды толтыруы арқылы жүргізілді, бұл ретте зерттеуде респондент ретінде 11 839 үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы бір мүшесі қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.ortcom.kz).



ЖӘДІГЕР

ӘНШІ ӘЛЕМІ

Алматы музейінде Роза Бағланованың көрмесі өтіп жатыр



Суреттерді түсірген автор.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА**Алматы музейінде
бүлбүл үнді әнші Роза
Бағланованың 100
жылдығына орай оның
тұтынған заттарының
басын қосқан көрме
ашылды.**

«Қазақ деген халықтың еркесімін» атты көрменің ашылу салтанатына ән падишасының ұлы Тәжен мен келіні Марал қатысты. Аналарының көзіндегі болған бағалы бұйымдарды да сол кісілер берген, көпшілік көрсін, әншіні ұмытпай, ұлықтай жүрсін деп.

Көрме шымылдығын Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының кеңесшісі Роза Кабиева ашты.

Ән әлемінің аңызға айналған саңлағы осыдан 100 жыл бұрын Сыр бойындағы Қазалы өңірінде дүниеге келген. Әншінің азан шақырып қойған есімі – Үрбибі. Бірақ ол күллі әлемге Роза есімімен танылды. Қазақтың ән өнеріндегі бірінші Розасы да өзі еді. Одан кейін дүниеге келген талай қазақ қызына Бағлановадай болсын деген ниетпен осы ерекше есімді бере бастаған.

Роза Тәжібайқызы қазақтың ән өнерін дамытуға айрықша үлес қосты. Оның репертуарындағы әндер әлі күнге сахнадан түскен емес.

Көрмеде бірегей тұлғаның көзін көрген – замандасы, продюсері болған Қуаныш Абдухалимов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетқызы, белгілі композитор Бақытжан Байқадамовтың қызы, ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери тарих музейінің жетекшісі Алуа Байқадамова, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын Әділғазы Қайырбеков сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.

Аталған көрмеге Роза Тәжібайқызының сахналық костюмдері, қымбат әшекей бұйымдары, тұрмыстық заттары, марапаттары, медаль-

дары, фотосуреттері сынды бас-аяғы 300-ге тарта жәдігер қойылған.

Музей төрінде қып-қызыл болып жатқан кілем әншінің шешесінен қалған кілем екен, әлі күнге тап-таза, жарқырап жатыр. Дөңгелек үстел үстіндегі күміс ыдыс-аяқтармен Роза апамыз шай ішкенді жақсы көрген. Таққан әшекей бұйымдары да сәнді. Телефоны да өзгеше. Айнасының алдынан орын тепкен сыртқы қорабы кара иісудің жұпар иісі әлі күнге сақталған. Тағы бір қымбат иісуын келіні Марал Астана музейіне сыйға тартыпты.

Әншінің аппақ ішігін Марал аяғы ауыр кезінде ырымдап киіп жүріпті шамалы уақыт. Әжесінің дарыны құрсағымдағы сәбиіме берілсін деп. Қазір сол кішкентай Үрбибі немересі сахнада ән салып жүр.

Роза Бағланова өмірінің соңғы кезеңдерінде келініне «жаназамды Үрбибі деп шығарсын» деп аманаттаған екен. Аманаты орындалды. Есімі де ұмытылған жоқ, қайта жыл өткен сайын ұлықталуда. Бүлбүл үнді әншінің құнды мұрасын тарих беттерінен жоғалтпай, көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа насихаттау – баршамыздың міндетіміз.

Көрме 1 қарашаға дейін жалғасады.



КЕНЕСАРЫ ХАН – 220

ХАН КЕНЕ –

Бір өзі бар халықтың тағдырын арқалаған тұлғалар болады. Ол қазақтың азаттығы, бостандығы, жайбарақат күн кешуі үшін отаршылдармен тайталасты. Қайтпады. Қарсы тұрды. Ерге тән рухын сақтады. Дүниеден хас баһадүр болып өтті. Халқы оған «Хан Кене» деген титул берді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Шежірелі тарих

Қазақстан аумағында көптеген тарихи оқиғалар болды. Тұран даланы ат тұяғымен дүбірлетіп, сан мыңдаған жылдардан бері мекен еткен халықтар болған. Бертін келе ата-бабаларымыздың басына сындарлы кездер туды. Бұл – XIX ғасырдағы патшалық Ресей империясына қарсы көтерілістер. Бұл көтерілістердің түпкі негізгі себебі бар.

Қазақ даласының солтүстік-батысынан бекіністер салып, көшпенділердің малының жайылымдық жерлерін тарылта бастады. Соның нәтижесінде ел ашуға мінді. Кенесары-Наурызбай қазақ халқының басына біткен ең ірі ұлт азаттық көтеріліс басшысы болған. Ресей әскери тарихының ірі маманы А.И.Иванов қазақ басшысының атына мынадай мақтау білдіреді: «Әділдіктің орнауын талап еткен, Кенесары өлгенше Ресейдің жауы болды. Сондықтан да оны «даланың соңғы батыры» деп атасам, өз Отанымның алдында күнәлі емеспін» деген.

Көтерілістер ұлы даланың әрбір өңірінде болып жатты. Тынышы кеткен жұрт осы тұста халық арасынан шыққан тұлғаларға иек артты. Олай етпеске амалы да таусылған еді. Десек те, қазақ даласы арда ұлдарға кемшін емес-тұғын. Солардың бірі – 1836–1838 жылдары Кіші жүздегі Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі.

Көне әфсана

XIX ғасырда жұрт үшін жанын беріп, қасық қаны қалғанша шайқасқан батырларды қазақ халқы есте жадынан шығарған емес. Сондай аты аңызға айналған дарабоздардың ерлігі атадан балаға, ауыздан-ауызға тарай берген. Мұның өзіндік сыры бар. Өйткені, сол оқиғаларды көзімен көріп, ішінде болған адам өзінің ұрпағына жырып айтып жеткізіп отырған. Бастапқыда әңгіме, аңыз, жыр боп айтыла бастаған.

Мәселен, бір Кенесары хан жа-



йында ел арасында қаншама аңыз-әфсаналық дүниелер көптеп кезігеді. Тіпті, әр өңір оны өз бетінше айтады. Айталық, «Наурызбай-Қаншайым» жырында көне эпостардағыдай ерлік пен елдік, батырлардың хас сұлуға үйленуі секілді оқиғалар баяндала Қасым ханның билік еткен тұсы, келесі ханның Кенесары болғаны жайлы айтылған.

Тарихи деректерге көз жібертіп оқысаңыз, Хан Кене тұсында, қазаққа тыныштық бермей бір бүйірден шапқыншылық жасаған ол оңтүстіктегі көршілер еді. Ауылдарды шауып, мал-мүлікті айдап әкетіп, қиыншылық көрсеткенін тарихтан білеміз.

Міне, сондай озбырлыққа төзбеген ел өз бетінше қарсыласып бақты. Ол заманда жан-жақтан қыспақ көп еді. Бір шетінен, патшалық Ресей отарлау саясатын жүргізіп жатты. Біздің батыс-солтүстік аймақтарымызға ауыз сала бастады. Ішкі жағымыздан, өз-өзімізді жеп, билік пен мансапқа таласқандар көбейді. Би болуға, старшын, аға сұлтан болмаққа жанталасты. Осының бәрін көріп-біліп отырған Кенесары жастайынан атқа қонды.

Негізгі тарихи кезеңге қарасақ, Кенесары 1841 жылдан бастан ресми таққа отырды деседі. Бар қазақтың рулары жиылып, Ұлытаудың бөктерінде ақ киізге отырғызып хан көтерген. Бірақ ел аузындағы тарихи әңгімелерге назар аударсақ, онда ол ағасын өлтіріп, туыстарына зәбір көрсеткен, қала берді, қазақтарды қыспаққа алған патша өкіметіне наразы болған екен. Қарап тұрсаңыз, ол хан көтеруге дейін де бірнеше қарсылықтар жасап жүрген.

Кенесарының бейнесі

Қазақ әдебиеті тарихы «фольклорлық кезеңі», I томында «Кенесары туралы тарихи шығармалар»

деген бөлім бар. Мәтінге назар аударалық: «Кенесары – идеалды қарман, билік тізгінін мықтап ұстаған әмірші, күллі қазақты өзіне қаратқан хан. Оның қоластына атакты батырлар жиналған. Олар ханның ордасын мемлекет орталығына айналдырған», – деп айтып келеді де, одан соң: «Кенесары жай ғана хан емес. Ол ел қамын жеген хан. Қазақ елінің еркіндігін, елдігін сақтауға күш салған әмірші. Жұртқа өз ойын ашық айтып, бостандыққа шақырған көшбасшы» дейді. Екі мәтіннің арасында ешқандай бір айырмашылық немесе тарихи оқиға көрініс бермейді. Бұл арада ұлт қозғалысының басшысы бірегей көсем жайында айтады.

Нақтырақ баяндар болсақ, Кенесары ханның образын жұртқа мықты етіп көрсету. Мұнда халық тұл жетім емес екенін және елім, жерім деп ұрандататын арда ұлдарға кенде еместігі жайында мәлімет беріп тұр. Жоғарыда айтылған мысалдардың ішінде Кенесарының тағы бір қыры жайында айттық. Оның батырлығы, тапқырлығы, айлакерлігі, көргенділігі бір төбе. Сонымен қатар, онда үлкен фольклорлық қасиет болған. Онда: «Кенесары – идеалды кейіпкер болғандықтан, оның бойында тағы бір ерекше қасиет бар. Ол – оның кереметтігі, көзінің магиясы.

Ол сұқтанып, қатты мән бере қараса, көз тиеді, сөйтіп, оның назарына ұшыраған адам жарық дүниемен қоштасады. Осы халге Қаншайым сұлу ұшырайды». Бұл жерде назар салып қарасаңыз, фольклордағы «көз тию», яғни магия көрініс береді. Демек, «Кенесары тегін адам емес» деген сөз.

Жыраулық пен батырлық – қанға сіңген қасиет

Сыр бойы – жыраулық өнердің үлкен тамыр жайған өңірі. Бірнеше күн бойы жыраулардың өнерін та-

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Бір түп алма ағашы»

Өтетін орны: Абылай хан даңғылы, 38, F.Мүсірепов театры.

Спектакль авторы: Әлімбек Оразбеков.

Қоюшы-режиссері: Мұрат Ахманов.

Қоюшы-суретшісі: Серікжан Омаров.

Жанр: драма.

Ұзақтығы: 1 сағат, 40 минут.

Жас санаты: 12+.

Күні мен уақыты: 21 қазан, 18.30.




«Менің жан-дүнием» көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.

Көрмеде: Елена Каскулакованың шебер шығармашылығы қойылған. Әр кадрда суретші баланың ішкі көңіл күйін көрсетеді. Көрмеде балалар жанының бірегей әлемін толық ашады, оны біз, ересектер, күнделікті қарбаласта әрдайым байқамаймыз. Сіздер балаларыңыздың таңғажайып әлеміне терең үңілуге тырысыңыздар!

Күні мен уақыты: Қараша айының 6-сына дейін тамашалауға болады.

Жас санаты: 3+.



«Дос-Мұқасан»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.

Күні мен уақыты: 22 қазан, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Ондіріс елі: Қазақстан. Режиссері: Айдын Сахаманов.

Басты актерлар: Мейіргат Амангелдин, Максат Сәбитов, Елдос Шайкенов, Саят Мақұлбаев.

Жанр: Өмірбаян, драма, музыка.

Ұзақтығы: 2 сағат.





АҢЫЗ ТҰЛҒА!

машалаған Кене хан олардың арасынан жырын қобызымен айтқан арқалы Нысанбай жырауды ұнатып, өз қолымен бірге ала кетеді.

Біздің түсінігімізше, жырау хан қосынына оның Жетісуға бет алған кезеңінде қосылған болу керек. Өйткені, оның шығармашылығы да басым түрде Кене хан тарихының осы кезеңін ғана баяндайды. Міне, бұл тарихи деректерге қарағанда, Нысанбай жыраудың Кенесарыны дәріптеуі осындай таныстықтан достыққа ұласқан деп қарауға болады. Жыраудың түсінігінде Кенесары сияқты мемлекетшіл тұлға ел қорғаны, ал оның қызметі – ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыстың көрінісі. Кене хан халыққа ие билеушілер қатарында, сондықтан да қамқоршы болар ханы жоқ елді жырау «шегірткеге таланған қырғауылға» немесе «жапалақтан сескенген жалғыз қазға» теңейді.

Тарихшы ғалым, М.Қойгелдиев осы мақаласында жырды тарихи шындық тұрғысынан дәлелдеуге тырысты. Тарихи деректерден Сыр бойы қазақтарының да қазақтың соңғы ханына барынша қолдан келгенінше көмегін жасағанын білеміз. Зерттеуші Р.С.Кареновтың «Нысанбай жырау – «Кенесары–Наурызбай» дастанының туындыгері, қазақ тарихының аса көрнекті тұлғаларының бірі» атты мақаласында мынандай мәлімет бар: «Нысанбай жырау Кенесары әскері жеңіліске ұшыраған тұста Кенесары Наурызбаймен бірге жау қолына түседі. Бұл оқиға туралы орыс зерттеушісі Я.Палферов былай деп баяндаған: «Кенет шатқал



тыныштығын домбыра үні бұзды, оған қоса «е..е..Алла...» деп алып басталған кайғылы, жантүршіктірер, Нысанбайдың сол жерде шығарған жоқтау өлеңі басталды: Еркін жел бүгін тынықсын, Акындар әнін ұмытсын. Ерке ұлын іздеп жоқтаған, Туған жер зары естілсін. От тиген қалың ағаштай, Жалындап кетті-ау, Кенекем. Жоқтау ұзақ, кайғылы түрде айтылып, шатқал-шатқалды, сай-сайды қуалап, кең далаға Кенесары батырдың өлімін естіріп кете барады. Зар жылаған домбыра үні барлық дүниені булықтырады. Тыңдаушылардың кара торы жүзін жас жуды, кейде олар өксіп-өксіп қояды. Бүкіл табиғат осы

жұбатуға болмайтын әнмен бірге жылап тұрған сияқты». Мәтіннің сюжеті бойынша, Нысанбай жырау Кенесары мен Наурызбайдың жау қолына түсіп қалғандығын жырлап бастайды. Жырдың соңында фольклор ғылымындағы «жоқтау» жанры көрініс табады. Мұнда Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» жырындағы жоқтауы ең әйгілі һәм осы күнге дейін ел есінде сақталған ескі нұсқасы деуге болатындай.

«Фольклордағы Кенесары – халықтың «әділ де, мінсіз патша» туралы образы. Оның бойында ханда болуға тиісті ізгілікті қасиеттің бәрі жинақталған, халық қиялындағы, ел арманындағы ханның бейнесі көрініс тапқан». Осы «Тәуелсіздік және фольклор» кітабында Хан Кененің батырлық пен елжандылық бейнесін ашып көрсетеді.

Тарих қатпарлары болашақпен үндеседі

Жоғарыда Кенесарыны арқау етіп, біраз тарихты көрсетуге тырыстық. Онда батырлардың ерлігі мен оны халыққа паш ете білген жырауларды да мақаламызға тұздық еттік. Өйткені, сол жыраулар арқасында бүгінгі ұрпақ өз ата-бабаларының туған ел үшін аянбай ерлік көрсеткенін білуде. Міне, мақаланың негізгі айтпақ ойы да, қорытындыламақ тұжырымы да жырдың шынайы өмірде болғанын айтып жеткізу болатын. Біз тарихи шындықтың бір парасын ғана айттық. Қалғаны болашақтың еншісінде!

КИНОКЕҢІСТІК

Жаңа фильмдер

Бүгінгі күні ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсіріліп жатқан кинокартиналар туралы бірер сөз.



«ЖЕЛ ТОҚТАҒАН ЖЕР» картинасы түсіріліп жатыр. Ондағы сюжет XX ғасырдың 30-жылдарының басында болған оқиғаны баяндайды. Жалған айып тағылып Сібірге жіберілген күйеуін табу үшін екі кішкентай баланың анасы Хадиса жолға шығады. Ұзаққа созылған сапар барысында ол шексіз қазақ даласында өз өмірі үшін күресіп жүрген өзі сияқты жаны жаралы адамдарды кездестіріп, көптеген сынқатерді басынан өткізеді.

«БҮРКІТ» экшн-фильмі заманауи оқиғаны баяндайды. Үміткерлер тобы көптен күткен арнайы күштер беретіне қол



жеткізу үшін кезеңдерден тұратын сынақтан өтуді бастайды. Бірақ әр кезеңнен кейін олардың бір бөлігі іріктеуден өтпейді. Үміткерлердің арасында бір жұдырықтай жұмылған Руслан, Қайсар және Айбын атты үш дос бар. Олардың әрқайсысы мәреге жетуді армандайды...

«ЖАМБЫЛ ЖАҢА ДӘУІР» фильмі осы жылдың аяғына таман көрсетіледі. Картина түсірілімінің бірінші кезеңі 2021 жылдың күзінде өткен болатын. Фильм авторлары 1858 жылы Сұраншы батыр Қоқан ханы Құдиярға қарсы көтерілісті басқарған кездегі оқиғаларды көрсетуге тырысады. Кейіннен қазақ тарихының бұл парағы Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» поэмасына негіз болған. Фильм режиссері акын жырлаған шайқас эпизодтарын шынайы бейімдеуді мақсат еткен.

«ҚАҰПСІЗ МЕКЕН» атты дебюттік толықметражды фильмде ұзақ уақыт бойы шетелде өмір сүріп, өзін нағыз шетелдік сияқты сезінген жас қазақстандық ғалымның оқиғасы баяндалады. Бірақ бір күні, тағдырлы шешім қабылдас бұрын, ол маңызды саяхат жасау үшін туған жері – алтын бесігіне оралады...

Фильм-саяхат ұлт, әлеумет, дәстүр, адамның өз ішкі дауысы мен ұпақтар байланысын сезіну мәселелерін де көтереді.

«ТЕЗЕК» көркем фильмінің түсірілімі аяқталды. Сюжет бойынша Көкпай шопанның қарапайым шаңырағында оғаш оқиғалар орын алады. Түн ішінде жұмбақ жағдайда айғыр жоғалып, Көкпай мен оның әкесі іздеуге шығады, ал олардың артынан кіші қызы Ұлбала да еріп кетеді. Сол сәттен бастап нешестүрлі оқиғалардың бірінен соң бірі басталатыны ешкімнің де ойына келмеген. Кейіпкерлердің бақытына орай, бәрі жақсы аяқталады.

Бұл туындылар киносүйер қауымға көп ұзамай жол тартады.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ЖЮЛЬ ВЕРН МЕН КЕНЕСАРЫ ХАН

Хан Кененің қайғылы қазасы мен соғыспен өткен өмірі көптеген өлеңдер мен романдарға арқау болды. Ол халық батыры, қазақтың соңғы ханы, тәуелсіздікті арман еткен тұлға. Ресей империясы мен Кеңес өкіметі тұсында Хан Кене туралы жазғандар қатаң жазаланып, халық жасауы деп жарияланды. Соңғы ханды жұрт оның туған даласында ғана емес, басқа мемлекеттерде де танып-біліп жатты. Әлемге әйгілі жазушы Жюль Верн өзінің кейіпкерлерінің біріні Хан Кенеге ұқсатып жазған. Татар ханы Феофар – Кенесары Қасымов Батыс оқырмандарына осындай атаумен белгілі болды. Неліктен татар? Өйткені, Жюль Верннің жас кезінде Шыңғыс ханның «татар» ұрпағы Ресей империясына қарсы шықты деген әңгіме Еуропаны дүр сілкіндірді.



Шытырман оқиғалы романдардың классигі «Михаил Строгов» шығармасында Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресін бейнелейді. Жюль Верн Қазақстанда ешқашан болған емес, бірақ бұл оның көшпелі халық туралы шытырман оқиғалы романын жазуына кедергі болмады. 1876 жылы жарық көрген «Михаил Строгов» (немесе «Патшаның курьері») саяси себептермен Ресей империясында да, Кеңес Одағында да танымал болмады. Сюжет бойынша Ресейге бағынған Түркістан өлкесінің көшпелілері бүкіл Сібірді шарпу қаупін тудырған көтеріліс бастады. Патша бұйрығымен шабарман Михаил Строгов Сібірге баруы керек. Ол Иркутскіге барып, есгерілікті губернаторға татар отрядтарын басқаратын сатқын Иван Огарев айындап жатқан қастандық туралы ескерту керек. Сібір ауылында Строгов Надя есімді қызды кездестіріп, оған бірден ғашық болады. Патшаның шабарманы мен жас қызды татарлар тұтқынға алады. Михаил Феофар ханның үкіміне сәйкес, татар заңдары бойынша, қызған қылышты көз алдынан өткізгеннен кейін соқыр болады.

«Хан шатырының алдында асыл тастармен әшекейленген ағаш үстел болды. Үстел үстінде алтын парақтары жұқа қасиетті Құран Кәрім ашық жатыр. Әмірдің қолдарымен төрт өріске бөлінген шатырдың үстінде ту желбіреді», – деп Жюль Верн Феофар ханның штаб-пәтерін сипаттаған.

Шыққаннан кейін бір жылда роман 10 тілге аударылды. Романның танымал болғаны сонша, француздар арасында тіпті «Строгов сияқты керемет» деген сөз пайда болды. Роман бойынша 20-ға жуық фильм түсірілді, бірақ тек Батыста. Ресейде алғаш рет роман 1900 жылы жарық көрді. Оның алғашқы редакторы Иван Тургенев болды. Алайда, бірінші басылым қатты қысқартылып, бұрмаланған. Таңқаларлық емес, өйткені Феофар ханның протипі Ресей жек көретін «бүлікші» болды. Феофар да Кенесары сияқты жау алдында тізе бүкпеген, жеңілмеген жауынгер болып қала берді. Ал оның болмысы еуропалықтарға беймәлім Азияның бейнесі еді. Сондықтан «Михаил Строгов» кітабы жарық көргеннен кейін де көп жылдар бойы өзінің танымалдылығын жоғалтқан жоқ.

Наргиз РАХИМЖАН.

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Жүрегімнің иесі»

Авторы: А.Аламан.
Режиссері: А.Оспанбаева.
Суретшісі: Қ.Халықов.
Композиторы: музыкасы құрастырылған (жанақ).
Биін қойған: Г.Мұхамеджанова.
Режиссердің көмекшісі: Г.Сейтімбет.
Жанр: драма.
Ұзақтығы: 1 сағат, 10 минут.
Жас санаты: 18+



Жас бойынша шектеу: 12+

«Самал сабын жасау» шеберлік сағаты.
Орналасқан жері: Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 140 А, pictor кескіндеме студиясы.
Күні мен уақыты: 23 қазан, 14.00.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шегі: 6+.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ДҮЙСЕНБІ
24 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Мультфильмдер
9.00 Мультфильмы
9.35 Детский киноклуб. Большой кошачий побег
11.00 Детский киноклуб. Легенда танцующего ниндзя
13.00 Любимое кино. Миллионер из трущоб
15.30 Ақын Иран-Файыптың шығармашылық кеші «Иран-Файып әлемі» (2022 ж.)
17.30 Үздік әзілдер
19.00 Телехикая. Ұлы Селжүктер 46 серия
20.00 Телехикая. Ұлы Селжүктер 47 серия
20.50 Тұсаукесер! Телехикая. Қилы заман 1-2 серия
21.50 Тұсаукесер! Телехикая. ITumar 1-2 серия
23.00 Мужское кино. Веселые каникулы
1.00 Сәуле-ғұмыр
1.50 Өмір иірімі
2.30 Дала сазы
3.10 Алматы тұнған тарих
3.30 Алматинские истории
3.55 Алматинские каникулы
4.10 Алматы кеші
5.25 ҚР Ұнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Ұнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «Жаужүрек мың бала». Көркем фильм. («Қазақфильм», 2012 ж.)
9.20 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
12.00 «Әзіл әлемі»
13.15 «Дина. Күй құдірет». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
15.15 «МУЗАРТ» ансамблінің 20 жылдық концерті «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
20.00 «Әнім сен едің ...» Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен концерт
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
11.20 «Норм және оның
айнымас достары»
Отбасы демалысы»
Толықметражды
мультфильм.
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
13.20 Қайталау «Кім тапқыр?»
интеллектуалдық ойын
13.55 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 «Ежелгі қалаларға
саяхат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
15.55 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
17.30 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
19.35 «Өнертапқыш»
танымдық бағдарлама.
19.50 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
20.10 «А4» ситком.
20.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
20.50 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген
Күнекей»

- 21.15 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 «Норм және оның
айнымас достары»
Отбасы демалысы»
Толықметражды
мультфильм.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.20 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
10.25 «Казахское Ханство.
Алмазный меч»
Худ.фильм
14.00 «Сонар» телехикаясы
15.25 «Напарники»
телехикаясы
17.00 «Жұрттың балалары»
телехикаясы
17.30 «Бақыт құшағында»
бағдарламасы
18.10 «Той жыры»
бағдарламасы
18.40 «Жұлдызбысың»
ТҰСАУКЕСЕР!
20.00 «SarapTimes»
апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.30 «Көру керек!»
бағдарламасы
01.00 «Замуж в 30»
Худ. фильм

TALIMTV TALIMTV

- 07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.40 Менің Анам, Әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Жүйріктер
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 25-сағат
14.40 По душам
15.00 «Дода» –
Көркем фильм
17.00 Views
18.10 «Сенбілік серуен»
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
– Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Айтыс Strike
21.15 Дара тіл
21.40 Идея
22.55 Views

«АЙТЫС. АСЫЛ ДОМБЫРА».
«ХАБАР» АРНАСЫ. САҒАТ 17.30-ДА.

ЖЕКСЕНБІ
30 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Мультфильмдер
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб.
Робосапиен.
Перезагрузка
11.00 Жаңа маусым! IQ Almaty
12.00 ТҰСАУКЕСЕР! Сәлем,
Алматы!
12.40 Бақытты отбасы
13.20 Үздік әзілдер
13.50 ТҰСАУКЕСЕР!
Ана мен бала
Алматинские истории
15.00 Женский кино клуб.
На самой грани
19.00 Телехикая. Ұлы
Селжүктер 52 серия
20.00 Телехикая. Ұлы
Селжүктер 53 серия
21.00 Үздік әзілдер
22.00 Тұсаукесерия! Телехикая.
Няня – Бизнес по-
қыздарски 3 серия
23.00 Семейное кино.
Сердце едки
1.00 Бақытты отбасы
(қайталау)
1.30 Алматы тұнған тарих
1.55 Алматинские истории
2.20 Алматы кеші
3.10 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күй-керуен»
7.30 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 ж.ж.)
12.00 Дисней ұсынады.
«Ойыншықтар хикаясы».
Мультфильм (АҚШ,
1995 ж.)
13.15 «Әзіл әлемі»
15.25 Әбдіжаппар Өлқожаның
концерті
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 ж.ж.)
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама. Тікелей
эфир
20.50 «НАРТӘУЕКЕЛ».
Зияткерлік-сауықтық
телевикторина.
22.00 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(Түркия, 2021-2022 ж.ж.)
(с субтитрами)
23.30 «Көңілашар»
0.30 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
1.20 «Aqsaуұт»
1.40 «Әлемді өзгерткен
идеялар». Деректі
фильм. (АҚШ, 2019 ж.)
2.25 «Әйел әлемі»
2.55 «Күй-керуен»
3.25 «Жәдігер»
3.45 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Айтылмаған
бір әнім бар...» Нұрлан
Өнербаев
08.00 Мегахит. «Хаос»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 Тұсаукесер!
«Помощь в дом»
11.30 Тұсаукесер! «Әке
бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 Мультфильм. «Кунг-фу
Кролик. Повелитель
огня»
14.40 Мультсериал.
«Нильс»
15.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан 4»
17.00 Тұсаукесер! «Дүлдүлдер
дүбірі»

- 17.30 «Жеті қазына»
мега шоуы
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 «Культурный контекст»
23.15 Мегахит. «Коломбиана»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. Нұртас Адамбаев
в комедии «Побег из
аула» (повтор)
12.10 КИНО. Мелисса
Маккарти в
фантастическом
боевике «Охотники за
привидениями»
(повтор)
14.50 Информационный фильм
«Тачки 2» (повтор)
17.10 КИНО. Роберт Дауни
мл., Крис Эванс в
фантастическом боевике
«Мстители»
(повтор)
20.10 КИНО. Джейми Фокс
в боевике «Джанго
освобожденный»
23.40 КИНО. Александр
Скарсгард в драме
«Последствия»
(повтор)
01.40 «31 әзіл»
02.00 Тамаша live
03.00 What's up?
03.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.40 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 Премьера. «ПОВАРА НА
КОЛЕСАХ»
10.00 «QAYMAQ»
10.40 «КВН-2022».
ВЫСШАЯ ЛИГА
13.30 «Х ФАСТОР».
Девятый сезон
14.40 Анастасия Иванова,
Григорий Бакланов,
Кирилл Кузнецов,
Елизавета Зайцева в
многосерийном фильме
«ПОГОВОРИ С НЕЙ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Сергей Пускепалис,
Андрей Смоляков в
многосерийном фильме
«КРЕСТНЫЙ»
1.50 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?»
2.50 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.35 «ҰШҚАЛАҚ»
бағдарламасы
До 3.50



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Азия & Бакай топтарының
«Опмай-опмай» концерті
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.50 Шоу «Битва поколений»
13.30 Күлкіде шекара жоқ
16.00 Т/х «Бастық боламын»
17.00 Шаншар
21.00 Х/с «Семья и немного
справедливости»
01.10 Т/п «Құтты қонақ»
01.50 Jaidarman
02.50 Т/х «Япырай»
03.50 Т/п «Тамаша»
04.50 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ЭН МЕН ЭНШІ»
08.10 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-
программа
11.30 «ДОРОГА ДОМОЙ»,
мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы
17.00 «НОЧЬ ПОСЛЕ
ВЫПУСКА», детективная
мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «АРИФМЕТИКА
ПОДЛОСТИ»,
мелодрама. Премьера!
(худ.фильм)
00.00 «БЕГЛЯНКА», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
03.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
04.00-
04.20 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы



KAZSPORT

- 05.55 Өнұран
06.00 КӘСІПҚОЙ БОКС.
Василий Ломаченко –
Джемейн Ортис.
Тікелей эфир
10.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
мен Конференция
Лигасының журналы
10.50 ВОЛЕЙБОЛ.
Әлем Чемпионаты.
1/2 финал.
Әйелдер)
Италия – Бразилия
13.00 «Көшпенділер
ойындары-2022.
Бағымыз жанған бәсеке».
Арнайы репортаж
13.20 ХОККЕЙ. КХЛ. «Салават
Юлаев» (Уфа) – «Барыс»
(Астана)
15.50 «Дара тұлға».
Деректі фильм
16.20 ДЗЮДО. Grand Slam.
Абу Дабі
18.20 «Көшпенділер
ойындары-2022.
Бағымыз жанған бәсеке».
Арнайы репортаж
18.35 ГАНДБОЛ. Чемпионат
Азии среди женских
клубных команд. «SK
Sugergliders» –
«Al Qurain»
19.55 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
20.20 ФУТБОЛ.
Чемпионат мира среди
женщин U-17.
Финал.
Прямой эфир
22.20 ФУТБОЛ. «Доп дода».
Тікелей эфир
23.00 ТАЕКВАНДО.
Гран-При
01.00 «Самбо
сайыпқырандарының
сайысы».
Арнайы репортаж
01.10 Өнұран



BALAPAN

- 7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
7.40 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
8.30 «Көңілді жексенбі»
отбасылық сайыс.
8.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары»
ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-
сауықтық бағдарлама
10.00 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.05 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 «Білім бәйгесі» оқу-
танымдық бағдарлама
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
11.55 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
12.20 «Ақ құс» телехикая.
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
13.20 Қайталау «Кім тапқыр?»
интеллектуалдық ойын
13.55 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
14.25 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 «Ежелгі қалаларға
саяхат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
15.55 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
16.25 «А4»ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
17.05 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
17.30 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
19.35 «Өнертапқыш»
танымдық бағдарлама.

- 19.50 «Дала ойындары»
20.10 «А4»ситком.
20.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
20.50 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
21.05 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
21.15 «Көңілді жексенбі»
отбасылық сайыс.
21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Ақ құс» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 Мультфильм «Маша и
медведь»
09.20 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
10.25 «Жұлдызбысың»
12.00 «Я – пышка!» Худ.фильм
14.00 «Шаншар»
17.00 «Уақыт келді» Ток шоу
18.10 «Көру керек!»
бағдарламасы
18.55 «Загадай желние»
Худ.фильм
21.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді
телехикаясы
23.50 «Аташка на хайпе»
Худ.фильм
01.50 «Биші қыз» Худ.фильм



TALIMTV

- 07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 «Саморазвитие» –
Маржан коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» –
Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
15.00 «Шатқал» – Қ.м.ф.
16.00 «Майдангерлер» – Қ.м.ф.
17.00 «Бізді күтер бір бақыт» –
Қ.м.ф.
18.10 «Жаңғырық» – Қ.м.ф.
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Пруст сауалнамасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.15 Бақытты отбасы
21.30 «Қажымұқан» –
Мультфильм
22.00 Руханият
22.30 Балалық шаққа саяхат
22.55 Views

ӘБДІЖАППАР ӨЛҚОЖАНЫҢ КОНЦЕРТІ.
«ҚАЗАҚСТАН» АРНАСЫ. САҒАТ 15.25-ТЕ.



● ДІН МЕН ДӘСТҮР

Қазақы дүниетанымымызда «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» деген ұғым бар. Жұп-жұбымен жаратылған жаратылыс атаулының ішінде адамзат саналы түрде жұп құрып, ұрпақ өрбітуді табиғаттың заңы, өмірдің мәні деп түсінеді. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) адамдарға: «Үйленіңдер, үмбеттеріміздің көбейгенімен мақтанамын» деген деседі хадистердің бірінде. Қазақ халқы ежелден неке қию мәселесіне ерекше мән беріп, құрылған әр отбасының шаңырағы биік, керегесі кең, уығы берік болуына күш салған. Ал қазақы салт-санамыз исламға еш қайшы келмейді.

Ата-бабаларымыз баланы ерте жасынан отбасын құруға даярлаған. Қызға шаңырақтың ұйытқысы мен берекесі болуды, ер балаға отбасының тірегі мен асыраушысы болуды өз ата-анасы үйретеді. Ұлттық салт-дәстүріміздегі кез келген жөн-жоралғының өз орны мен себебі бар. Айталық, жігіттің ата-анасы ұлына қыз айттырған кезде біреудің әлпештеп өсірген қызын алып отырмыз ғой деп құдаларына қалыңмал беріп, сый-сияпатын жасайды. Ал қызбаланы қияға қондырарда ата-анасы барған жерінде қызының жүзі ашық болсын деп, отбасылық өмірдің алғашқы жылдары материалдық жағынан қиналмас үшін тұрмыстық қажеттіліктерін, яғни қыз жасауын әзірлейді. Қыз баланың көрпе-төсегі, ыдысаяғы, зергерлік бұйымдары, киім-кешегі түгел болуы ата-ананың міндеті.

Қазіргі кезде де ата-аналар ұл-қызының шаңырақ көтерген тойын дүркіретіп жасауға тырысады. Үйленуге қатысты салт-дәстүрлеріміздің біразын заманға сай етіп икемдеп алдық. Тіпті, жетпіс жыл өзге елдің отары болған кезімізде де дәстүрлеріміз ұмытылған жоқ, тәуелсіздік алған жылдары қайта жаңғырды. Кеңес заманында діни ғұрыптардың көмескіленгені рас. Сондықтан да кеңес заманында отау құрған жастар некені мешітке емес, неке сарайларында кидырып, қолдарына неке куәлігін алатын. Ол кезде тұрмысқа шыққан қыздар болашақ күйеуінен мәһр сұрау туралы білмеді.

Ал кейінгі жылдары біраз адам діни сауатын ашып, ислам іліміне сәйкес сүннеттер мен парыздардың маңызын насихаттай бастағалы дін мен дәстүр араласып, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата алмай қалып жатырмыз. Діндарлар Алла разылығы үшін отау құрып, шариғат заңдылықтарына бағыну керек десе, енді біріміз ұлттық салт-дәстүрімізді берік ұстансақ, адаспаймыз деген қағиданы ұстанамыз. Кейбіреуіміз ұл мен қызға той жасап, құдалар бір-біріне киіт кигізіп, мың сан жоралғыны жасап, шығынданғанша, екі жақ бірігіп жастарға баспана алып берген дұрыс деген көзқарастамыз. Әркімдікі өзінше дұрыс.

МӘҺРГЕ «ХАММЕР» СҰРАҒАН ҚАЛЫҢДЫҚ

Дінтанушылардың айтуынша мәһір – ер адамның неке қию барысында әйеліне беретін сыйлығы. Ислам шарттарына сәйкес неке қияр алдында қалыңдық болашақ жарынан сый, яғни мәһр талап етуге құқылы. «Заманына қарай адамы» демекші, қазіргі қалыңдықтардың мәһрге сұрайтын дүниелерінің құны әжептәуір шарықтап тұр. Соңғы кезде әлеуметтік желіде мәһрге қымбат көлік, үй, айфон, құндыз тон сұраған қалыңдықтардың әрекеті жиі талқыланатын болды.

МАХАББАТ

ешқандай сыйлықпен өлшенбейді



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

Желіде желдей ескен оқиғаға сенсек, мәһрге «хаммер» сұраған қалыңдығына ашуланған күйеужігіт әлгі қызға үйленуден бас тартыпты, дәл неке қию рәсімі кезінде тастап кетіпті.

Біреулер жігіттің бұл әрекетін жақтап, мұндай ашкөз әйелден ертерек құтылғаны жақсы болыпты десе, енді біреулер қалыңдықты жақтап, мұндай тақыс жігітпен бас қоспағаны жөн болды десіп жатыр. Пікір қалдырушылардың арасында жастардың осындай әрекетке баруына діннің әсері болғанын да алға тартушылар жоқ емес. Қалай болғанда да екі жақтың ата-анасына оңай тимегені анық.

МУФТИЯТТЫҢ МӘҺРГЕ ҚАТЫСТЫ ҮКІМІ

Мәһр – әйелдің неке қияр алдында күйеуінен талап етуге құқылы шариғат белгілеген ақысы. Алла Тағала Құранда: «Үйленетін әйелдеріне мәһрлерін (қалыңдық сыйын) шын көңілден тарту етіндер. Егер олар шын көңілден сол мәһрдің бір бөлігін өздеріне қайтарып берсе (яғни оның бір бөлігін отбасының ішіп-жеміне жұмсаса), оны тәбетпен ішіндер, жеңдер, ас болсын!» («Нисә» сүресі, 4-аят) деп әмір еткен.

Шариғат бойынша мәһр беру – міндет. Бірақ ол некенің шартына кірмейді, яғни мәһр берілмей қиылған неке дұрыс болып саналады. Ханафи мәзһабы бойынша мәһрдің ең аз мөлшері – 10 дирхам. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Он дирхамнан азы мәһр емес» деген. Сол заманда 10 дирхам бір алтын динарға тең болған. Ал бір динардың салмағы 4,25 грамға жеткен. Мәһрдің құны осы мөлшерден төмен белгіленген жағдайда оны 10 дирхамға толтыру керек. Ол ақшалай немесе заттай берілуі мүмкін.

Алайда, мәһр сұраған сәтте ер-азаматтың материалдық деңгейін, отбасының әлеуметтік жағдайын ескерген жөн. Өйткені, мәһр күйеуді қарызға батыратындай көп немесе қыздың көңілін ренжітетіндей кем болмауы керек. Мәһрді бірден беруге шамасы жетпесе, оның бір бөлігін алдын ала (мәһр муғажжәл) беріп, қалғанын кейін (мәһр муәжжәл) бере алады.

ҮКІМ:

Мәһр – қалыңдықтың ақысы. Келісілген мәһрді бермеу – күнә.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әйгерім БАСШЫБЕК,
журналист:

МӘҺР СҰРАУДЫҢ ДА МӘДЕНИЕТІ БАР

Бұл соңғы 10–15 жылда трендке айналған салтқа ұқсайды. Себебі, менің анам мәһр сұрамапты. Мұсылмандық жолмен неке қиылғанда ерінен өзіне сыйлық сұрайды. Бір жағынан әдемі иә, өзіне өмірлік серік еткен ерің еркелетіп «мынау Алланың алдында серт еткен сыйым» деп беріп тұрса. Ал ол қалай болғанда да ерінің қалтасы көтеретіндей, екі жақ риза болатындай болуы керек шығар.

Күні кеше ғана әлеуметтік желіде қалыңдықтың тойда мәһрге қымбат көлік сұрағаны, артынан той болмағаны талқыланып жатыр. Бұл күйеуін сынағаны ма? Әлде, солай сынға салу керек пе? Екі адам бір-бірін сынау үшін отбасын құрады ма? «Екі жарты бір бүтін» деп текке айтпаған болар. Бір-біріне тіреу боламыз, махаббатымызды баянды етеміз деп қосылады ғой. Ең маңыздысы осы емес пе? Жағдайы келісіп тұрса өзі де сыйлықты үйіп-төгер еді. Қазақтың әр жігіті қалыңдығына бар асылды алып бергісі келетіні анық. Сыйластық, құрмет, махаббат – ешқандай сыйлықпен өлшенбейді. Мәһр сұраудың да өз мәдениеті бар. Ал әйел адам кез келген сыйға лайық.

Мәһр ақшалай немесе заттай беріледі. Оның сипаты мен мөлшері анық көрсетілуі керек.

Мәһрдің ең аз мөлшері 10 дирхам, яғни 4,25 гр алтын немесе оның құнына тең болуы тиіс. Жоғарысының шегі жоқ, бірақ оны екі жақтың жағдайына қарап белгілеген орынды.

Мәһрді бірден беруге шамасы жетпесе, оның бір бөлігін алдын ала беріп, қалғанын кейін бере алады.

НАННАН ҮЛКЕН СЫЙ ЖОҚ

Неке сыйына қымбат мүліктен басқа қармақ пен шатыр, миксер, кір машина секілді небір дүниелерді сұрайтын қалыңдықтар көп екен. Әлеуметтік желіде тараған тағы бір оқиғаға сенсек, қалыңдық күйеу жігіттен нан сұрапты. «Отбасылық өмірде бір нанды бөліп жеп, татутәтті ғұмыр кешсек болғаны» деген екен жас келін.

● ТҮЙІН:

Өмірден көргені мен түйгені мол жандар жаңадан бас қосқан жандарға «қосағыңмен қоса ағар» деп жатады. Қарапайым сөз болғанымен, мағынасы терең. Өйткені, өмірлік қосағыңмен не көрсен де бірге көру, бірге ағару үшін өмірдің талай соқпағынан өтуге тура келеді. Шаңырақ көтеруге бекінген жастар өмір бойы бір-біріне тірек болуы, өмірдің тәтті мен ащысын теңдей бөлісуі үшін ақыл-парасат, кемеңгерлік керек-ақ. Отбасының жауапкершілігі ерлі-зайыптыларға бірдей артылады. Әркім өзіне артылған міндетті мүлтіксіз атқарса, арада нәзік сыйластық сақталса, сыйдың төресі де сол. «Ештеңеге қарамастан үйлен. Жақсы әйел кезіксе, бақытты боласың, жаман әйел кезіксе, ойшыл боласың» деген екен Сократ. Қалай болғанда да отбасын құрып, түтін түтету – адамзат үшін өмірдің мәні. Ал отбасылық бақыттың кілті дүниеде емес, сыйластық пен махаббатта.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



М.МӘМЕТОВА – 100

МОНШАҚ ҚЫЗ

ЕРЛІКТІҢ БІР ҚАНАТЫ

«...Ерліктің қос қанаты деп білем мен, Аяулы Әлия мен Мәншүгімді» деп келетін танымал ән жолдары үлкен-кішіге жақсы таныс, жүрекке жақын. Сондағы қос қанаттың біріне баланған Мәншүгіміз 1922 жылы Батыс Қазақстанның қазіргі Орда ауданында туған.

Мәншүктің (азан шақырып қойған есімі Мәнсия) ата-анасы Жеңіскәлі мен Тойылша жоқшылықпен тіршілік кешіп жатқан қарапайым жандар болған. Әкесі қоймада күзетші болған, етік тігетін, ал шешесі күнкөріс үшін ауқатты ағайындарының малын сауысқан. Мәншүктің алдында Нағи мен Қадыр деген екі ұл, яғни туған ағалары болған.

Бірде ауылға Жеңіскәліге немере іні болып келетін Ахмет пен Әйелі Әмина келеді. Олар бір перзентке зар болып жүрген жандар-тын. Қалалық меймандардың көзі қолды-аяққа тұрмай құлдырандап жүгіріп жүрген моншақтай сүйкімді қызға бірден түскен екен.

Ерлі-зайыпты Ахмет пен Әмина өз заманының оқыған, тоқыған, көкірек көзі ояу зиялы адамдары болған. Ері – дәрігер, зайыбы мұғалім еді. Олар кішкентай Мәнсияны асырап алу туралы ойларын білдіреді. Әрине, біреуге өзегіңді жарып шыққан баланы беру оңай емес, бірақ сол тұстағы қиын уақытты ойлаған туған әкешесі үш жасар қыздарының болашақта көзі ашық, оқыған адам болып өскенін қалап, Ахмет пен Әминаның бауырына салады.

Әмина Мәнсияны «Моншағым» деп еркелеткен. Ал кішкентай Мәнсия өз есіміне тілі келіңкіремей «Моншақты» «Мәншүкпін» деп кетеді. Ерлі-зайыпты баланы өздерінің фамилиясына көшіреді. Дегенмен, туған әкесінің атын өзгертпей құжатында сол күйінде қалдырады. Көп ұзамай туған әкешесі бірінен соң бірі қайтыс болып кеткен.

ӨЖЕТ БАЛА

Мәншүктің асырап алған анасы Әмина Кіші Орда билеушісі Әбілқайыр ханның тікелей ұрпағы. Оның Моншағы туралы: «Мәншүкте бауырмалдық, достық, туыскандық, жолдастық сезімі бала кезінен байқалатын. Семейде 1-класта оқып жүрген кезде қытайдың Хон-Пен деген баласын ересек қытайлар ұрып-соғып жүрген жерінен оның мектебі айырып алады. Баланы уақытша оқушылардың бірінің үйіне апару керек дегенде, Мәншүк оны үйге алып келіпті. Мен жұмыстан келсем, Хон-Пенді жетелеп губерниялық атқару комитетінің председателіне апарып (үйіміз қатар тұратын): «Сіз үлкенсіз, күшіңіз көп. Хон-Пенді жәбірлеген қытайды тұтқынға алыңыз» деп арыз айтып отыр. Хон-Пен бір айдан кейін балалар үйіне жіберілді. Мәншүк демалыс сайын оған тамақ, ойыншық апарып тұрды», – деген естелігі сақталған.

Мәншүк 1931–1938 жылдары Алматы қаласындағы №28 мектепте (қазіргі Мәншүк Мәметова атындағы №28 лицей) білім алады. 1940 жылы жұмысшы факультетін тәмамдап, кейіннен Ахмет әкесінің жолын қуып, медицина институтына түседі. Оқи жүріп Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңсесінде қызмет атқарған.

СӘНДІ ТУФЛИДІҢ ОРНЫНА – КЕРЗІ ЕТІК

Ахмет Мәметов Бейімбет Майлин, Құдайберген Жұбановтармен жақын араласқан. Домбырада күй тартып, ән салатын да өнері болған деседі. 1937 жылы дәрігер Ахмет «халық жауы» деген айыппен қамауға алынады. «Менің Мәншүгімді ренжітпе, аман сақта!», – деген екен ол әйеліне айтқан соңғы сөзінде. Бірақ мойнына «халық жауының әйелі» деген қоңырау ілінген Әминаның да басқан ізі аңдулы болып, соғысқа дейінгі жылдары көп қиындық көреді.

Жасынан тағдыры маңдайына қиғаш ізін салған Мәншүк Мәметова соғыс басталған жылы үйін тастап, жатақханаға қоныс

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында сайдың тасындай сарбаз жігіттерден кем түспеген қайсар қыздар да аз болмаған. Солардың бірегейі, Шығыс қыздарының арасынан тұңғыш рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған аға сержант, пулеметші – Мәншүк Мәметова.



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

• Мәншүктің азан шақырып қойған аты – Мәнсия. Анасы «Моншағым» деп еркелеткен. Ал бүлдіршіннің өз атына тілі келмей «Мәншүкпін» деп кеткен.

• Қан майданда Нұржан Құсайынов, Райымбек Бәйсейітов, Тахауи Ахтанов, Әзілхан Нұршайықов, Мәлік Ғабдуллин және Сұлтан Жиенбаев сынды қазақтың біртуар азаматтарымен қатар жүрген.

• Ұрыс алаңында санитар-нұсқаушы болып шайқасып, «Қайырымды солдат» атанған.

• Бір айқақта бір өзі «Максим» пулеметімен 70-тен астам немісті жайратқан.

аударады. 1940 жылы Мәншүк ауылдағы туыстарына материалдық көмек сұрап хат жазады. Өкінішке қарай, бұл хатына тіл қатқан жан болмайды. Себебі, туыстары «халық жауының қызымен» байланысудан қорқып, іргесін аулақ салған еді.

Әкесі Ахметтің ұсталып кеткеніне қатты қайғырған көрінеді. Ол кезде әкесінің ату жазасына кесілгенінен де бейхабар еді. Әкесінің атылып кеткенін де білмей, ол кезде қоғамда «халық жауының» балалары өз еркімен майданға аттанса, ата-анасының бар жазасы кешіріледі» деген қаңқу сөз тарап, соның жетегімен Мәншүк бір жыл бойы әскери комиссариатқа әскерге бару туралы өтініш жазумен болған.

Келер жылғы тамызда еліміздің сол кездегі астанасы Алматы қаласынан 100-ші ұлттық атқыштар бригадасы жасақталады. 5 мыңға жуық жауынгердің арасында Нұржан

Құсайынов, Райымбек Бәйсейітов, Тахауи Ахтанов, Әзілхан Нұршайықов, Мәлік Ғабдуллин және Сұлтан Жиенбаев сынды қазақтың біртуар азаматтары да болған. Оның ішінде екі қазақ қызы – Мәншүк Мәметова мен Мәриям Сарлыбаева да бар еді. Сөйтіп, Мәншүк бой түзеп, сәнденіп жүретін уылжыған шағында сәнді туфлидің орнына керзі етік киеті.

«ӨЗІМНІҢ ЖҰЛДЫЗЫМДЫ БЕРЕМІН!»

Оқ борап, от ораған қан майдан даласына аттанған шынашақтай қазақтың батыр қызы барлық ұрыста да батылдығымен, өжеттілігімен көзге түсіп, жігіттермен иық түйістіре ауыр қару-жарақ түрлерін шебер меңгеріп, жаумен шайқаса жүріп, талай

жаралы жауынгердің жарасын танып, дәрігерлік білімінің арқасында өлім аузынан арашалап қалып отырған. Елді, жерді сағынып жүрген майдандастарына, от пен октың ортасында жүрсе де, жүректерге үміт, қуаныш сыйлайтын әндерді тамылжыта шырқап беретін болған деседі. «Максим» пулеметінен, автоматтық қарудан атуды меңгерген Мәншүк шайқастарда жауға бет қаратпай оқ жаудыратын болған. Қазақ қызының қайсарлығына сүйсінбеген жан қалмаған. Тектілігі мен ептілігінің арқасында Мәншүк жауларына сан мәрте тойтарыс берген. Ол 1942 жылдың қарлы қысында Великие Луки қаласын жау қолынан азат етуге тікелей қатыса жүріп, ұрыс алаңында санитар-нұсқаушы болып шайқасып, «Қайырымды солдат» атанады.

Құрамында Мәншүк те болған батальонға 1943 жылдың қазан айында Псков облысындағы Невель қаласын жаудан еш шығынсыз азат ету туралы бұйрық беріледі. Изоча станциясындағы 173,7 биіктікте сұрапыл ұрыста қазақтың жаужүрек пулеметші қызы өзінің «Максимімен» тоқтаусыз оқ боратып, бір өзі 70-тен астам неміс фашистерін жер жастандырады. Бірақ өзі де сол кескілескен шайқаста, 1943 жылғы 15 қазанда, 21 жасқа толғанына екі апта-ақ өткенде ұрыс даласында опат болады. Мәншүк Мәметованың өлімі туралы газеттер жазып, радиолар хабар таратады. Бұл туралы қаруласы Әзілхан Нұршайықов «Невель түбінде» атты деректі шығармасында баяндайды. «15 қазанда Мәншүк қаза тапты. Бұл қаралы хабарды біз сол қырғын ұрыс болған күннің түнінде естіп, қабырғамыз қайысты. «Мәншүк өлді» деген хабарды естігенде тірі қалған солдаттар тегіс жыладық. Мәншүк ортамыздағы жалғыз гүліміз еді. Анамызды да, апамызды да, қарындасымызды да, сүйген жарымызды да біз сол арқылы көзімізге елестетуші едік», – деп жазады қаламгер.

Ал «Комсомолдың Орталық комитетінің бірінші хатшысы Михайловқа, болмаса маған Батыр атағын берген Калининнің өзіне барамын. Тіпті, Ворошиловқа кіремін. Одан түк шықпаса, менің Мәлік атым құрып кетсін, өзімнің жұлдызымды беремін!», – деген Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің табанды мінезімен 1944 жылғы 1 наурызда Мәншүк Мәметоваға Батыр атағы берілген екен.

МӘНШҮК ОТЫРҒАН ПАРТА

Бүгінде Мәншүк Мәметованың атында Невель, Алматы, Орал және басқа да қалаларда көшелер бар. Алматы қаласындағы батыр қызымыз оқыған №28 лицейге Мәншүк Мәметованың аты берілген. Еліміздің ондаған мектебі, Қызылорда қыздар педагогикалық училищесі, Ақтөбе медициналық колледжі Мәншүгіміздің есімімен аталады. Сонымен қатар, Астана, Алматы, Орал қалаларында және Невель (Ресей) шаһарында Мәншүк Мәметованың ескерткіштері орнатылған.

Ақын, жазушы Мәриям Хакімжанова 1945 жылы қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі туралы «Мәншүк» поэмасын жазса, 1969 жылы «Мәншүк туралы дастан» (сценарий авторы Андрей Михалков-Кончаловский, режиссері Мәжит Бегалин) көркем фильмі түсірілген.

Алматы қаласында сонау 1928 жылы ашылған, кезінде Мәншүктің ізі қалған №28 мектепте бүгінде батыр қыздың музейі жұмыс істеп тұр. Музей ашылған 1978 жылы мамырда салтанатты кешке Моншақтың анасы Әмина Мәметова келіп қатысқан екен. Аталған музейдегі құнды экспонаттардың бірі – Мәншүк отырған мектеп партасы.

Мәншүк Мәметова – аяулы есімін тарихқа қанмен жазып кеткен қазақтың қайсар қызы. Оның өмірі мен ерлігі мәңгілік тақырып. Себебі, Моншақ қыз біздің бүгінгі бейбіт күндеріміз үшін өз өмірін құрбан еткендердің бірі. Сондықтан жас ұрпақтың әрдайым ұлықтап жүргені керек бізге.

Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

БРИФИНГ

Шетелдіктер емханаларға қалай тіркеледі?

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ЕАЭО елдерінен келген шетелдік азаматтар мен еңбек мигранттары Алматыдағы емханаларға қалай тіркеліп, қалай медициналық көмек ала алатыны жөнінде айтылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Брифинг барысында Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығы Алматы қалалық филиалының директоры Гүлнәр Ысқакова Қазақстанда 15 қазанда алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына еркін таңдау арқылы жыл сайынғы тіркелу науқаны басталғанын және ол 15 қарашаға дейін жалғасатынын айтты.

«Бүгінде Алматыда алғашқы медициналық-санитарлық көмекті 73 алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымы көрсетеді, оның 40-ы мемлекеттік, қалғаны жекеменшік. Бүгінгі күні 6 жаңа тапсырыс жеткізуші алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге және тіркеуге ниет білдірді», – деді Г.Ысқакова.

Тіркелудің үш мүмкіндігі бар: тіркелу науқаны аясында, еркін таңдау және қоныс аударуға байланысты. Г.Ысқакова қажет болған жағдайда учаскелік дәрігер сізге көмектесіп, үйде бақылап отыруы үшін тұрақты тұрғылықты жерде орналасқан емхананы таңдауды ұсынады.

Сондай-ақ, ол өткен жылдың 15 тамызынан бастап

шетелдіктер мен еңбек мигранттары үшін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарға тіркелу ережелері өзгергенін айтты. Енді оларда ерікті медициналық сақтандыру шарты болуы керек.

«Егер шетел азаматы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын болса немесе тұруға ықтиярхаты болса, ол міндетті медициналық сақтандыру жүйесі және медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша көмек алуға құқылы. Бүгінгі таңда Алматы қаласының емханаларына 22 мыңнан астам шетел азаматы тіркелген. Олардың ішінде Ресей Федерациясының 5 мыңнан астам азаматы бар», – деді Г.Ысқакова.

Ал Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті емдеу-профилактикалық іс-шаралар бөлімінің басшысы Ләйлә Иманғалиева науқан барысында алғашқы медициналық-сараптамалық көмек ұйымына тіркелген азаматтар ол арқылы тек 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап медициналық көмек ала бастайтынын айтты. Яғни 31 желтоқсанға дейін оларға бұған дейін тіркелген емханада қызмет көрсету жалғасады.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртекнің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылудың болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

АРХИВ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРХИВШІЛЕР КОНГРЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві Халықаралық архивтер кеңесінің демеуімен 19–21 қазан күндері Алматы қаласында «Ашық қоғамға – ашық Архив» І Халықаралық архившілер Конгресі өтіп жатыр. Қазақстан әлемнің 200 елінің архившілерін біріктіретін ЮНЕСКО ұйымының құрылымы – Халықаралық архивтер кеңесі басшылығының қолдауымен және қатысуымен кәсіби архив қоғамдастығы іс-шарасын өткізген ТМД елдеріндегі алғашқы мемлекет болды.



Досбол
АТАЖАН

Конгресс аясында мәдениет, өнер, әдебиет, ғылым және білім арқылы қоғам үшін архивтік құжаттардың рөлі мен маңызын ашатын тақырыптық алаңдар (архивтік пікірталас курстар) ұйымдастырылды. Конгресске спикерлер ретінде отандық архившілер мен зиялы қауым өкілдерімен қатар АҚШ, ЕО, Азия және ТМД-ның 15-ке жуық елдерінен жетекші ғалымдар мен архив ісінің сарапшы мамандары қатысуда.

Сондай-ақ, Халықаралық архивистер Конгресі мен Биылғы Бала-лар жылы аясында ҚР Президентінің Архиві «Менің отбасымның тарихы архив құжаттарында» мектептік оқу-зерттеу жұмыстарының конкурсы жеңімпаздарын марапаттады.

Конкурс жалпы білім беретін мекемелер оқушыларының зияткерлік және тұлғалық дамуы, олардың тарихты зерделеу саласындағы

ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістері мен тәсілдерін меңгеруі мақсатында ұйымдастырылды.

Байқауға 70-тен астам алматылық оқушы қатысты. Зерттеу жұмыстарын арнайы комиссия бағалады. Жұмысты бағалау кезінде құрылымы, тарихнамалық шолудың болуы, пайдаланылған деректер базасының сипаттамасы, зерттеу мақсатына қол жеткізуді көрсететін мақсат, міндеттерді, қорытындыларды тұжырымдау, нақты зерттеу әдістерінің сипаттамасы және оларды қолданудың шығармашылық зертханасы, жұмыс мәтініне сілтемелердің библиографиялық ресімделуі, дереккөздер мен әдебиеттер тізімі ескерілді.

Байқау жеңімпаздары Республикалық Достық үйінде арнайы грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Конкурста жалпы білім беру мекемелерінен ниет білдірген 8–11-сынып оқушылары және 6–7-сынып оқушылары ұжымдық жұмысты ұсыну арқылы қатысты.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



«Елім менің еңселі»



Рая
ЕСКЕНДІР

Медеу ауданына орналасқан №109 бөбекжай балабақша ұжымы қала өміріне белсене араласып отырады. Ұжым мүшелері тайлы-тұяғымен он үш жылдан соң қайта тойланғалы отырған 25 қазан – Республика күні мерекесін де зор әзірлікпен қарсы алып отыр. Осынау мерекеге орай балабақшаның «Тұлпар» ересектер тобы «Елім менің еңселі» тақырыбында ертеңгілік өткізді.

Балақайлар өздерінің қуаныш сезімдерін Отан, туған жер тақырыбындағы өлең-тапқақтарымен жеткізді. Әдемі ән мен мың бұрала би билеп кештің көркін кіргізді. Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Ұлды тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген тәлімді тәмсілінің төркініне түсінгендей болдық. Күні ертең елді қорғар ұл, ұлтты ұйыстырар қыздың өсіп келе жатқанын дәлелдей түсті. Балабақша тәрбиешілері бүлдіршіндердің бойына патриоттық тәрбиені сіңіріп, дене тәрбиесі пәнінің жетекшілері «Арқан тартыс», «Тенге тастау» сынды ұлттық ойындарды жаңғыртты. Балабақша басшысы Орынбасар Мекебайқызы Мемлекет басшысы жариялаған «Балалар жылы» мен Республика күні мерекесінің маңыздылығын тарқатып айтты. Ертеңгілікті бүлдіршіндер Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқтады.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«БҰҒЫНЫҢ МОЙЫН ЖУАРЫ»

амалы келді. «Бұғылар үйірге ерте түссе, қыс аяғы созылмайды, кеш түссе қыс созылыңқы болады» деген болжам бар



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«Бұғының мойын жуары» бүгіннен басталып, қазан айының 25-іне дейін созылады. Осы мезгілде бұғының түгі түсіп, мойны жуандап семіреді, адамның көзін тартатындай сұлу күйге енеді. Бұғының осы өзгерістеріне негізделіп бұл мезгілді бабаларымыз бұғының мойын жуары деп атаса керек. Кей деректерде «бұғының мойын жуары бұғының тау басындағы қарға мойнымен сүйкеп жуғанын меңзейді» дейді. Сонымен қатар, осы мезгілдің «Бұғының мойын жуандауы» деген де атауы да бар екенін ұмытпаған мақұл.

Осы кезде бұғылар үйірге түсуге жарай бастайды. Амал жүріп жатқан кезде тау тоғайларында, өзен, көл жағалауларындағы ашық алаңқайларда бұғылардың үйірге түсер алдындағы майданы өтеді. Ең мықтысы ғана үйірге түседі. Өзара шайқасуынан немесе тастарға соғылуынан мүйіздері сынады, аңшылар мен малшылар орман-тоғайға барып бұғы мүйіздерін теретін болған.

Қазекен бұғының үйірге түсуіне ерекше көңіл бөлген. Соған қарап ауа райына болжамдар жасаған: егер бұғылар үйірге ерте түссе, қыс аяғы созылмайды, үйірге кеш түссе қыс аяғы созылады деп пайым жасаған. Қасқырдың ұйығуы, иттің түлеуі сияқты көріністерге де көңіл бөлген. Ит балағынан түлесе ойдың қысы болады, жонынан түлесе таудың қысы болады деп пайымдаған. Әрине, болжамдары айна-қатесіз келіп отырған.

Өткен пайымымызда алматылықтарға жылы киінуге әлі ерте деп жазғанбыз. Бұлай деп батыл айтуымызға айдың алшысынан тууы себеп болған еді. Сол айтқанымыз шетінен келіп жатыр. Бір-екі күнгі салқындық болмаса, күн әлі суыта қойған жоқ. Шыбын-шіркейлер, өзге де дала жәндіктері жаздағыдай тіршіліктерін жасап жатыр. Күздің шуақты болатынын, ұзаққа созылатынын осы көріністен-ақ аңғаруға болатын сияқты.



Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қазанның – 20-сы, ай жүйесіне сүйенер болсақ, – 24-і, қазақша айдың – 10-ы.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Бұғының мойын жуары» амалы жүріп жатқандықтан, Алматыда алдағы аптада жылы күндер

аракідік жалғасын таба береді, бірақ қатары сирексиді. Жаңбыр мен қар көрініс береді. Бұған қарап күз бітті деуге келмейді, аспан ашық, күн жайдары, шуақты сәттер әлі бар алда...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ:

ДАЛА АҢ-ҚҰСТАРЫНЫҢ ҚИМЫЛЫНА ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ

- * Тышқан биікке шығып шықылдаса, қар жауады.
- * Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, кенеттен қатты суық басталады.
- * Қыс қатты болатын болса, тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғары жасайды.
- * Аққу солтүстіктен оңтүстікке қарай кеш қайтса, күз ұзақ, әрі жайлы болмақ.
- * Қараторғайлар топтана ұшып, аспанда түрлі қимыл жасаса, күз ұзаққа созылады.
- * Ит балағынан түлесе ойдың қысы болады, жонынан түлесе таудың қысы болады.

САУАЛНАМА

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Қаламызда Қарттар айлығы жыл сайын өтіп тұрады. Бұл мерекенің басты мақсаты – оларға көңіл бөліп, әлеуметтік-тұрмыстық немесе басқа да көмек арқылы қолдау. Осы орайда қала жастарына «бұл мерекенің сен үшін маңызы қандай?» деген сұрақ қойған едік



Акерке ЖӘНІБЕК,
студент:

АТА-ӘЖЕМНІҢ БАТАСЫ МАҢЫЗДЫ

Қазанның бірінші күні ата-әжеме оларды қаншалықты жақсы көретінімді айту үшін хабарласу әдетіме айналған. Олар да үйреніп қалған, менің қоңырауымды күтеді. Қазан айындағы бір демалыста ауылға арнайы барып құттықтап, сыйлық беріп қайтамын. Бұл жолы ата мен әжеме шай ішуге арналған әдемі сервис пен жұмсақ жамылғы сатып алдым. Жолға шықсам, ата мен әжем жандарын шүберекке түйіп, амандығымды тілеп отырады. Өртүрлі тәтті тамақтарын әзірлеп, күтіп алып, «студентсің ғой, қарның ашады» деп, секкемді азық-түлікке толтырып, батасын беріп шығарып салады. Мен үшін олардың батасын алу маңызды. Емтихан тапсырып, оқуға түсу сияқты маңызды сәттерде ата-әжемнің маған берген ақ батасын қару етемін.

Қияқ мұрты бетін жауып, оны үш саусағымен көлбей тараған кездегі атамның рухты болмысы, ақ орамалын тастамайтын әжемнің келісті келбеті әрдайым жүрегімде сақталады. Бұл көрініс – мені әрдайым ауылға шақырып тұратын шамшырақ.



Құрметолла МҰХАМЕТХАНҰЛЫ,
қоғам белсендісі:

БІР АЙМЕН ШЕКТЕЛМЕУ КЕРЕК

Бұл күні біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, оқушылар мен студенттердің тарапынан қарияларға көмек көрсетілетін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Мемлекет тарапынан арнайы материалдық сыйақылар тағайындалады. Бірақ мұнымен шектелмеу керек. Қарттарға деген ілтипатты, құрметті бір айдың шеңберіне сыйдыру мүмкін емес. Қарттар айлығындағы іс-шаралар есеп үшін болмауы тиіс. Жастар да осы нәрсеге бойларын үйретіп алмаса деймін. Мерекедегі барлық жасалып жатқан үрдістер онсыз да біздің міндетіміз.

Бастысы, қариясын құрметтейтін, ата-анасын қараусыз қалдырмайтын ұрпақты тәрбиелеуге назар аудару маңызды. Меніңше, мұны мектеп қабырғасында ерекше ескерсе, олар есейгенде қартына қамқор, кішіге үлгілі азаматқа айналады. Мысалы, «Мейірімді бала», «Қолғанат», «Үздік әңгімелесуші бала» деген сияқты номинациялар жариялап, түрлі марапаттар арқылы ынталандыруға болады. Мұндай іс-шаралар егде жастағылар мен жас буынның арасындағы сабақтастықтың нығаюына әсер етеді. Егер бала қарттарға құрметті сәби жүрегімен жасап үйренсе, есейгенде де үлкен істерді оңай атқарады. Бұл біздің ұлттық болмысымызды көтеретін мереке болғандықтан, жыл сайын бір сарынды, бір сценарий бойынша тойланбауы керек.

Жалпы, қарттар өздерінің отбасы, туған-туыстың алдында ғана емес, Отан, мемлекет үшін де маңызды екенін ерекше сезінетін мерекенің жаңғырғаны жақсы.



Жандос ТАЛҒАТҰЛЫ,
ерікті:

ҮЛКЕНДЕРДІҢ ӘҢГІМЕСІ ЖАҚСЫ

Ерікті болу деген еңбегіне ештеңе талап етпестен пайдалы істермен айналысатын адам. Мен 1-курстан бастап еріктілер қатарындамын. Еріктілер қазан айын ерекше күтеді. Қарттар үйіне барып, ата-апаларымыздың алдында көңіл күйін көтеру үшін кішігірім

мерекелік концерттер қоямыз. Ата-апаларымызбен қызықты әңгімелер айтып, ол кісілердің қолынан шәй ішіп, бірге суретке түсіп, жалпы сол күнді естен кетпестей көңілді өткізіп қайтамыз. Біз үшін адамдарға көмектесу – көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беріп, жақсылық жасау. Қариялардың жүзіне қуаныш сыйлау міндетті түрде материалдық қолдау көрсетуден басталмайды.

Ата-әжелерге жолдан өтуге, ауыр сөмкелерін үйіне жеткізуге көмектесу де оларға деген құрмет. Осылайша кез келген адам ерікті бола алады. Біреу сенің көмегіңе мұқтаж екенін көрген кезде, жай ғана мәнсіз өмір сүріп жатпағаныңды сезінген кезде, жан-дүниенің жылулыққа бөленеді. Еріктілердің жұмысы төленеді, марапатталады. Бірақ ақшамен емес, жылы эмоциялармен. Ерікті ретінде айтатын болсам, күнімнің бекер өтпегені, адамдарға пайдалы болғанын мені қанаттандырады. Ал үлкен кісілермен әңгімелесу маған күш береді. Ерікті болуға кейбірінің уақыты жоқ шығар, бірақ қарттарымызды құрметтеуге, хәлің сұрауға қашан да уақыт табуға болады.

Сауалнаманы жүргізген
Айым НҰРМАН.